| Білімберуұйымының кестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет<br>09.00-11.30 | **1. Математика**<br>**Тақырыбы: 10 саны және цифры.**<br>**«Жүрек жылуы»** арқылы бір-біріне жылы сөздер айтады Сен өте сулусың, саған зор денсаулық тілеймін , сен бүгін өте кереметсің<br>**Кубизм әдісі** арқылы жыл мезгілін сұрау.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Өлең оқу.**<br>Аппақ,аппақ,жапалақтап,<br>Қар жауады тынбастан.<br>Қалың орман қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>-Балалар, өлеңде не туралы?<br>Балалар қардың артында тапсымалар бар екен, орындаймыз ба?<br>**II. Ой қозғау.**<br>**1-тапсырма:**<br>**Дид ойын:**<br>**«Кім тапқыр»**Шарты: | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: Д дыбысы**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Ерте-ерте-ертеде екі дос болыпты. Біреуі - дыбыс, екіншісі - әріп. Ешкім оларды айыра алмапты, қайсысы дыбыс, қайсысы әріп екенін.<br>Ал сендер білесіндер ме?<br>**Миға шабуыл.**<br>Кәне оны кім айтады?<br>Дыбыс дегеніміз не?<br>Әріп дегеніміз не?Жақсы, балалар. Енді дыбыстар екі түрлі болады екен.<br>Қандай? (дауысты, дауыссыз). Дауысты дыбыс екенін қалай білуге болады?<br>Дауыссыз дыбыс екенін қалай білуге болады?<br>Балалар, біз қандай дыбыстарды өттік?<br>**Дид ойын:«Сөз ойла , тез ойла»**<br>**Дид ойын «Үйін тап»**<br>Тапсырма: суреттегі | **1.Математика**<br>**Тақырыбы: Көңілді тапқыштар.**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Санамақ айту.<br>**1.Аз- кем ұғымдары.**<br>**Дид ойын:**<br>**«Аңдарды қоректендір»**<br>- Сұрақ – жауап.<br>-Тиінге неше саңырауқұлақ бердің?<br>- Аюда неше құлпынай болды?<br>- Жанына сандарды қою арқылы санау.<br>**2.Геометриялық пішін-дермен жұмыс.**<br>**-Дид ойын:«Кім жылдам?»**<br>Таяқшалардан геомет-риялық пішіндер құрас-тыра білу. Сипаттап айту.<br>**3.Кеңістікті бағдарлау.**<br>**Дид ойын: «Орнын тауып бер»**<br>- Сұрақ – жауап.<br>Аңдарды орналастыру. | **1 Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Үй құстары досымыз»**<br>**Тосын сәт:**<br>- Балалар зообақтағы тотықұс сендерге тапсырма жіберіпті.<br>Неше конверт жіберген, санайықшы. 4 конверт жіберген.<br>**Балаларды 4 топқа бөлу.**<br>Конверт ішіндегі қима суреттерді құрастыру.<br>- Балалар сендер не құрастырдыңдар?<br>Бұл үй құстары екен.<br>**Ой дамыту.**<br>**Үй құстары туралы түсінік беру:**<br>Балапан, қаз, үйрек, тауық, күркетауық – бұлар үй құстары. Адамдар оларды асырап күтеді. Үй құстары жеммен қоректенеді. Үй құстарының пайдасы көп: жұмыртқасын, етін адамдар тағам ретінде пайдаланады, жүнінен жастық, көрпе | **1.Музыка**<br>**2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Уақытты бағдарлау.(апта күндері, ай аттары)<br>**II.Ғажайып сәт.**<br>Білім ханшайымынан хат келеді.<br>Хат мазмұнын оқып беру.<br>-Балалар сіздер білім ханшайымның хатта жазған тапсырмаларын орындай аласыздар ма?<br>**III.Ой қозғау.**<br>**1 - тапсырма.**<br>**Миға шабуыл.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Жұмбақ жасыру<br>**«Бұл қай кезде болады»**<br>Ұйқымыздан тұрамыз<br>Беті-қолды жуамыз<br>Әкемізге ереміз,<br>Бақшамызға келеміз<br>Бұл қай кез болады балалар? **(таңертең)**<br>Сабақ оқып, ойын ойнап,<br>Серуендеп қайтамын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың білім, білік дағдыларын меңгерту мақсатында моншақтағы сандар тізбегін толықтырып санау.<br>**2-тапсырма:**<br>**Дид ойын:**<br>**«Ойлан топтас, бөліс»**<br>**Шарты:** Балалардың жылдам ойлау дағдыларын қалыптастыру.<br>Гүлдерді орналасу ретіне қарай сәйкес сандармен байланыстыру.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымды бес саусақ<br>Қосссақ егер екеуін<br>Болады екен он саусақ.<br>**3-тапсырма**<br>**Дид ойын: «Ойланып көр»** Балаларды жылдам ойлау дағдысын қалыптастыру<br>- Берілген суреттерді салыстыра алады.<br>-Берілген суреттегі 10 айырмашылықты таба алады;<br>-Айырмашылықтарын тауып түсіндіріп бере алады.<br><br>Балаларды мадақтау.<br>**4-тапсырма.** | сөздерді буынға бөліп, өз үйін табуға көмектесіндер.<br>**Сергіту сәті .**<br>Жаңа тақырып.<br>Тақпақ оқу.<br>Добым, добым домалақ,<br>Тоқтамайсың домалап,<br>Үстел үстін бүлдірдің,<br>Тарелкені сындырдың<br>Доп сөзі қандай дыбыстан басталып тұр?<br>Сонда бүгін қандай жаңа дыбыспен танысамыз? (Д)<br>- Дыбыстың артикуляциясы<br>-Д дыбысы қалай айтылады?<br>(Тілдің ұшы үстіңгі күрек тіске тиіп қашып отырады)<br>- Дыбыстың сипаттамасы<br>-«Д» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>-Неге олай ойлансындар?<br>-Оны қандай түсті текшемен белгілейміз?<br>**4) «Доп» сөзіне дыбыстық талдау жасау**<br>Неше буын?<br>1-ші дыбыс қандай? (д – дауыссыз, көк текшемен белгілейміз)<br>2-ші дыбыс қандай? (о – | **4. Ой қозғау.**<br>**Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»**<br>Мақсаты: Балалардың ойлау<br>қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.Әр мезгілге өз түсін қоя білу.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Біз кішкентай баламыз,**<br>**Өсіп, өніп толамыз.**<br>**Күнге қарай талпынып,**<br>**Көкке қолды созамыз.**<br>**Қанат қағып ұшамыз,**<br>**Қарлығаштай самғаймыз,**<br>**Бір отырып, бір тұрып,**<br>**Жаттығулар жасаймыз**<br>**5. Салыстыру.**<br>Қарапайым салыстыру терминдерін мысал сөздер арқылы қалыптастыру, сөздік қорын дамыту.<br>Апай Айшадан ұзын,<br>Айша апайдан қысқа. т.б.<br>**Дид ойын:«Өз үйіңді тап»**<br>Ойынның құрал жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар | жасайды. Сол себептен адамдар үй құстарына қамқор көрсетіп, асырайды. Ұя салады, жем береді, ыдысқа су құйып береді, ұя маңын тазалайды, балапандарына да қорек беріп көмек көрсетеді.<br>**Жаңылтпаш**<br>Әтеш әнге басады,<br>Әтеш ұйқы ашады.<br>**Сергіту сәті.**<br>1,2,3<br>Қарлығаш боп ұш.<br>4,5,6<br>Қарлығаш боп шалқы.<br>7,8,9,10<br>Қарлығаш боп қон!<br>**Дидактикалық ойын: «Қай құс жоқ?».**<br>Шарты: Балалардың алдына үй құстарының суреттері қойылады.<br>Көздерін жұму арқылы қай құстың суреті жасырылғанын дұрыс табуы керек.<br>**«Ненің дауысы?» Ойын шарты:** Балаларға үй құстарының дауыстары аудиотаспадан жіберіледі. Балалар қай құстың дауысы екенін табулары қажет.<br>**«Неше?» интерактивті ойыны.** Экраннан бір үй құсының суреті көрсетіледі. | Тамағымды ішіп<br>Түсте ұйықтап жатамын.<br>**(Күндіз)**<br>Біз тәртіпті баламыз<br>Сабақты да оқимыз<br>Серуенге шығамыз,қыдырамыз<br>Бұл қай кез? **(Түс)**<br>Ұйқыдан тұрып,беті-қолды жуыпТөсекті жинап тазалықты сақтап,Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын<br>Бұл қай кез? **(Бесін)**<br>· Күн батады қызарып,<br>Мамамызды күтеміз<br>Бұл қай кез? **(Кеш)**<br>Үйге келіп кино көріп<br>Ойыншықтарды жинастырып<br>Беті-қолды жуып,тісімді тазартып<br>Ұйықтауға жатамын<br>Бұл қай кез? **(Түн)**<br>**Ой дамыту.**<br>**АКТ көрсету.**<br>**Балаларға уақыт туралы түсінік беру.**<br>**2 - тапсырма.** «<br>Аптаданешекүн бар?»<br>1-7 дейін сандар<br>**Сергіту сәті:**<br>Таңертең – оянамыз,<br>жуынамыз,<br>Тісімізді тазалаймыз,<br>шашымызды тараймыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дид ойын:** **«Адасқан сандар»** **Шарты:** Адасқан сандарды рет-ретімен орналастыру. **0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.** **9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1, 0.** **Тура, кері санау** **5-тапсырма** **Дид ойын «Көршілерін тап»** Кіші көршім сол жақта, Үлкен көршім оң жақта, Тұрушы еді қасымда. Қайда кеткен жан-жаққа? 10 санының көршісін табу. 8,9,6,7,5 **Қорытынды.** Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Балалар қандай тапсырмалар орындадық? Көңілді смайлктер беру. **2.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Үй құстары»** **Қызығушылықты ояту.** **Дид ойын: «Ненің даусы»** Шарты: Үнтаспадан құстардың дауысын тыңдату. Үнтаспадан үй құстарының дауысын тыңдату. Сұрақ- жауап. **Ой дамыту.** **Суретпен жұмыс** | дауысты, қызыл текшемен белгілейміз) 3-ші дыбыс қандай? (п – дауыссыз, көк текшемен белгілейміз) -Неше дауысты дыбыс? (1) -Неше дауыссыз дыбыс? (2) -Барлығы неше дыбыс? (3) (бір бала тақтада, қалғандары орындарында) **5) Сөйлем құрастыру** **Мен доппен ойнадым** (бір бала тақтада, қалғандары орындарында) Мынау «Д» - бас әрпі, «д» - кіші әрпі, ал мынау жазбаша түрлері. Ереже: Бас әріппен – кісінің аты, фамилиясы, қалалардың аттары жазылады. Мысалы: доп, домбыра, дала, дос. **Дид ойын: «Кім шапшаң»** Д дыбысы бар сөздерді айтындар Д дыбысы сөздің қай жерінде тұр? **Қортынды:** Қандай дыбыспен | дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлердің ішіне тұра қалады. **3.Дене шынықтыру** Педагог жоспарымен **4.Қазақ тілі.** **Тақырыбы: Екі әтеш ертегісі** **Қызығушылықты ояту.** - Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? - Олай болса қазір қиял-ғажайып еліне саяхаттаймыз. көзімізді жұмып 1,2,3 деп санаймыз.Сиқырлы әуен ойналады. - Балалар біз қиял-ғажайып еліне жеткен сияқтымыз, көзімізді ашайықшы. - Сендер тыныш отыра тұрыңдар, мен барып мына тұрған үйшікті қағып көрейін. - Тук-тук, кім бар екен? - Мен бармын. - Сіз кімсіз? - Мен қиял-ғажайып еліндегі ертекші әжеймін. - Ооо, жақсы болды ғой. Біз "Үй құстарына" байланысты ертегі тыңдағымыз келеді. | Флипчарттың көбейту қызметі арқылы бала бірнеше құс жасайды және саны нешеу екенін айтады. Мысалы: мынау – балапан. Балапан бесеу немесе бес балапан. **Топпен жұмыс:** **1-топ.** Жапсыру – үй құстарын қиып жапсыру. **2-топ.** Бейнелеу өнері – үй құстарын бояп шығу. **3-топ.** Мүсіндеу – үй құстарын ермек- саздан мүсіндеп шығару. **Тыйым сөздер:** - Балалар кім құстар туралы тыйым сөздер біледі? Қортынды Балаларды мадақтау. **2.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы:** «Жоғалған буын» **Писхологиялық дайындық** Жақсы көңіл күймен жақсы сөздер **Тосын сәт.** Топқа қуыршақтың келуі Амандасу -Балалар маған әдемі ат қойып беріңдерші Сендермен дос болғым келеді. **Ой дамыту.** Қуыршаққа ат қою Сара деп қойсақ қайтеді. | Күндіз – ойнаймыз секіреміз. Кешке – Балабақшадан ораламыз, теледидар көреміз, жуынамыз. Түнде - ұйықтаймыз. **3-тапсырма:** **Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»** Шарты: Суреттерді құрастыру арқылы суреттегі сұрақтарға жауап беру. -Жылдың қай мезгілі? -Тәуліктің қандай бөлігі? -Бір қолымызда неше саусақ бар? -Аспанда қанша күн бар? -Иттің неше көзі бар? Аспандақаншажұлдыз бар? **4 - тапсырма.** **Санамақтар айту.** Бір - дегенім бесік, Шықтық содан өсіп. Екі – дегенім елім, Далам, тауым, көгім. Үш – дегенім үміт, Үміт артар жігіт. Төрт – дегенім төзім, Төзе білем өзім. Бес – дегенім бақыт, Бағалайтын уақыт. **4.Қортындылау.** -Балалар кімнен хат келді? Балалар сендер тапсырманы жақсы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үй құстары.<br>-Әтеш пен тауықтың суретін көрсетіп, олардың дене бітімі, ұқсастықтары мен ерекшелігі туралы сұрақтар қою.<br>-Әтеш қалай дыбыстайды?<br>- Ал, тауық ше?<br>-Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз?<br>-Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар?<br>**Ой қозғау.**<br>АКТ технологиясын пайдаланып үй құстарын тамашалау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Әтеш ерте оянып,<br>Жан-жағына қарады.<br>Шынықтырып денесін,<br>Қанаттарын қағады.<br>**Дид ойын: «Көлеңкесін тап»**<br>Шарты: Сурет бойынша құстардың көлеңкесін тауып қоя білу.<br>  <br>**Қорытынды**<br>–Бүгінгі ұіә не жайлы сөз болды? | таныстық?<br>Дауысты ма, дауыссыз ба?<br>Қандай текшемен белгілейміз?<br>Мадақтау<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Тауық пен балапан.**<br>**Ой қозғау.**<br>- Балалар, біз қандай құстарды білеміз?<br>- Құстар қандай болып бөлінеді?( Үй құстары және дала құстары болып екіге бөлінеді).<br>- Үй құстарына қандай құстар жатады? (қаз, үйрек, тауық, қораз).<br>- Дала құстарына ше?(торғай, қарлығаш, қарға, тоқылдақ, көкек).<br>- Ал бұл құстардың айырмашылығы, балалар, үй құстары үйде бағылады, адамның көмегін қажет етеді. Дала құстары болса, өз бетінше өмір сүре алады, өз тамақтарын өздері аулап өмір сүреді.<br>- Балалар, үй құстары бір - бірімен қалай амандасатынын білесіңдер ме? құстар сөйлей білмесе де | - Олай болса мен сендерге "Екі әтеш" ертегісін айтып берейін.<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>("Екі әтеш" ертегісін айтып береді)<br>- Балалар ертекші әжейдің ертегісі сендерге ұнады ма?<br>- Сіздің ертегіңіз бізге қатты ұнады. Енді біз өз елімізге оралайық. Рақмет сізге, ертекші әжей. Сауболыңыз!<br>- Сауболыңдар балалар!<br>- Балалар біз елімізге оралу үшін тағы да көзімізді жұмып 1,2,3 деп айтуымыз керек.<br>(Сиқырлы әуен ойналады)<br>- Балалар көзімізді ашсақ болады. Елімізге келдік.<br>**Ой қозғау.**<br>- Біз жаңа қай жаққа саяхаттап келдік?<br>- Ол жақта кім бар екен?<br>- Иә. Ертекші әжей бізге қандай ертегі айтып берді?<br>- Ертегінің ішінде қандай кейіпкерлер бар екен?<br>- Иә, дұрыс айтасыңдар. Әтеш, балапандар үй құстарына жатады.<br>- Тауық, үйрек, қаз, әтеш - бұлардың бәрі үй құстары деп аталады. | Сараны отырғызу.<br>- Сара сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік. Са - ра.<br>- Бірінші буынын кім айтады?<br>- Бірінші буыны Са.<br>- Екінші буыны - ра.<br>- Дұрыс. Екі буыннан тұрады. Себебіекі дауысты дыбысы бар. Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады.<br>**Балаларды екі топқа бөлу.**<br>**Дид ойын: «Жоғалған буын».**<br>**Ойынның шарты:** жылдам ойлап, келесі буынды табу.<br>- Мен бірінші буынды көрсетемін, сендер жоғалған буынды табасыңдар.<br>Үй, -, бө - - не, қар -, сауыс -, тыр -,кө -, тор -, бүр -.<br>Ойын соңында жеңімпаз топқа түрлі- түсті жалауша беріледі.<br>**IV. Сергіту сәті:**<br>Қане, қане, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық,<br>Бишілерше бұралып,<br>Дөңгелене билейік,<br>Домбыраны қолға алып<br>Әжем айтқан ертегіні<br>Күйшілерше шертейік.<br>Әсем әуен сазымен<br>Өнерді біз жалғайық. | орындадыңдар.<br>Енді білім ханшайымына хат жазайық.<br>Балалардың жауаптары.<br>Хатты Білім ханшайымына беріп жіберу.<br>**Балаларды мадақтау**<br><br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: « Құстар біздің досымыз»**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>1. Қызыл бұжыр айдары бар,<br>Қоқиланған айбары бар.<br>Ауық-ауық азан салып,<br>Өңеш керген айқайы бар.<br>**(әтеш)**<br>2.Кеудесі қайқаңдап,<br>Жүреді балпаңдап. **(қаз)**<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Ауыл маңы саз – саз - саз,<br>Жайылады қаз - қаз - қаз<br>Жем шашсаң мәз - мәз - мәз<br>Тоймай қалса қаз – қаз – қаз<br>Шашқан дәннің аз – аз – аз.<br>Деп айтады қаз – қаз –қаз.<br>**Ой дамыту.**<br>Үй құстары туралы түсінік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | –Олардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?<br>–Үй құстары бізге қандай пайда келтіреді?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**3.Сауат ашу.**<br>**Тақырыбы: Б дыбысы**<br>**Дид ойын: «Алма теру»**<br>Алма сыртындағы әріптерді атап себетке салу арқылы өткен сабақты қайталау.<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**Саяхатты хабарлау.**<br>Сиқырлы таяқшаның көмегімен білім аялдамасына саяхат<br>**1-аялдама**<br>**«Ұстап алу» аялдамасы**<br>Жұмбақты шешу арқылы жаңа тақырыпты ашу. «Б б дыбысы мен әрпі»<br>**Бота,бақа , балық**<br>**2-аялдама**<br>**«Миға шабуыл» аялдамасында:**<br>Әріп таңбасымен таныстыру және суреттермен жұмыс,<br>**3 - аялдама**<br>**«Шығармашылық» аялдамасы:**<br>Б әрпінене басталатын сөздер.<br>**Дид ойын:** | өздеріне тән дыбыс шығарып, өзара бір бірімен амандасып, адамдар сияқты қарым қатынаста болып, бірін - бір жақсы түсінеді және сезінеді екен.<br>**Енді балалар құстардың дене мүшесін атап өтейік. (денесі, басы, тұмсығы. қанаты, аяғы.)**<br>- Тұмсығымен шоқиды, қанатын қағып ұшады.<br>**Ғажайып сәт:**<br>Топқа тауық келеді.<br>Тауық өте көңілсіз.<br>Ол өзінің шөжелерін жоғалтып алғанын айтып көмек сұрайды.<br>Тәрбиеші:<br>- Балалар, тауыққа көмектесеміз бе<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Балапандар» биі.**<br>Тауықпен бірге балалар билейді<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Күн бата қонақтап қалғыған,<br>Таң ата жерден жем аңдыған. (Тауық)<br>Ақ сарайын талқандап,<br>Шықты біреу талтаңдап. | **Түсініктеме бөлімі**<br>- Мынау тауық. Шұбар түсті тауық екен. Міне мынау жұмыртқасы.<br>- Ал мынау-үйрек. Үйректің түсі жасыл екен. Бұл құстар суда жүзгенді ұнатады.<br>- Мынау-қаз. Қаздың мойны, тұмсығы ұзындау болады. Ал мынау қанаттары.<br>- Мынау - әтеш. Мына әтештің түсі қара екен. Әтеш тауыққа қарағанда үлкендеу болады.<br>- Балалар, үй құстары жеммен қоректенеді. Олар көктемде балапан басады.Үй құстарының пайдасы көп:<br>жұмыртқасын, етін адамдар тағам ретінде пайдаланады, жүнінен жастық, көрпе жасайды. Сол себептен адамдар үй құстарына қамқорлық көрсетіп, асырайды. Қора жасайды, ұя салады, жем береді, ыдысқа су құйып береді, ұя маңын тазалайды, балапандарына да қорек беріп, көмек көрсетеді.<br>- Енді балалар осы үй құстарын көрдік, енді | **V.Дид ойын: «Сөйлем құрастыр»**<br>Шарты: Сурет арқылы берілген буындарды сызық арқылы қосу.<br>**VI. Дыбыстық талдау.**<br>**Текшемен жұмыс**<br>**1-топ** Сара сөзін текшемен жазу<br>**2-топ.** Сана сөзін текшемен жазу.<br>**VII. Буындардан сөз құрау.**<br>- Енді әуе шарларына жазылған буындардан сөз құрау: Ұ - зақ, көкек, қар - лы - ғаш, тор - ғай, тыр - на, боз - тор - ғай.<br>Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрау.<br>Ұзақ - жыл құсы. Торғай шырылдады. Тырна ұшып келді.<br>Буын туралы білімдерін тиянақтау.<br>**Қорытынды:**<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау.<br>**Рефлексия:** Не білдің? Не үйрендің? Балалар бүгін біздің іс-әрекетіміз қалай өткенін смайликтер арқылы көрсетіңдерші<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы: Үй құстары** | Сұрақ-жауап.<br>-Неліктен үй құстары дейміз?<br>-Үй құстарының ұқсастығы неде?<br>-Құстар суды қалай ішеді?<br>-Құстар қалай көбейеді?<br>-Олардың бізге қандай пайдасы бар?<br>-Сөздік жұмыс жүргізу. мамығы, қауырсыны, тұмсығы, жем сауыты, еті, жұмыртқасы<br>т.б<br>**Сергіту сәті.**<br>Қазым,қазым қаңқылда,<br>Көлде жүзіп салқында,<br>Жем шашайын жейсіңбе?<br>Конфет берші дейсіңбе?<br>Жоқ,жоқ,жоқ,<br>Конфет тәтті болмайды ас,<br>Арпаменен бидай шаш<br>**Ой қозғау.**<br>Сурет бойынша әңгіме.<br>- Қандай құсты көріп тұрмыз?<br>- Олардың дала құстарынан айырмашылығы неде?<br><br>**Мнемокестемен жұмыс.**<br>-Құстарға сипаттама беру.<br>**Дид ойын: «Қайсысы қалай дыбыстайды?»**<br>Мысалы: тауық қыт-қыттайды,<br>әтеш айқайлайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Мен бастаймын сен аяқта»**<br>**4- аялдама**<br>**«Орнын тап»** аялдамасы: Б әрпінің орнын табады. Мыс: Бақша, табақ, бақбақ, барабан.<br>Сөздерді буынға бөледі. Б дыбысының дауыссыз дыбыс екенін еске түсіреді.<br>**Сергіту сәті:**<br>**5-аялдама**<br>**«Кім зерек»** аялдамасы: Сөздерге дыбыстық талдау жасау. Бақа, балық, бота<br>**Педагог жетекшілігмен ойын: «Шашылған әріптер» Шарты:** Шашылған әріптерді өз үйіне орналастырады. Дауысты және дауыссыз. Қортынды<br>Балаларды мадақтау.<br>**3.Қоршаған орта**<br>**Тәрбиеші:** - Балалар, тыңдаңдаршы, бір нәрсе тырсылдап жатыр. Қане, қайтадан тыңдайықшы. Керемет мына жұмыртқаның үлкенін - ай, өзінің түсі аппақ екен, ал көлемі неге ұқсайды екен.<br>**Тәрбиеші:** - Балалар, жұмыртқа жарылып жатыр екен. Бұдан не шығатынын білесіңдер ме? | (балапан)<br>- Ал енді, балалар, тауыққа шөжелерін табуға көмектесейік.<br>**Шығармашылық жұмыс**<br>Тауықтың қасына балапандарды жапсыру. Тапқан балапандарды тауықтың қасына қою.<br>**Тәжірибелік жұмыс.**<br>Ыдыста аралас болған тары мен бұршақты бір – бірінен ажыратып шөжелерге тарыны беру.<br>Рефлекциялық - түзетушілік<br>- Балалар сонымен біз бүгін қандай тақырыпта танысып, әңгімелестік? (Үй құстары)<br>- Үй құстарына қандай құстар жатады? (Тауық, үйрек, қораз, қаз).<br>- Дала құстарына ше? (қарға, сауысқан, тоқылдақ, көкек, тоғай).<br>- Біз неге көмектестік? Балаларды мадақтау.<br>**3.Музыка педагог жоспарымен.**<br>**4.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы: «Балапан»**<br>**II.Қызығушылықты ояту.**<br>Шықырлаған дауыс | олардың сендер сияқты кішкентай балапандары болады, солармен танысайық.<br>- Тауық - балапан,<br>Қаз- мамыр,<br>Үйрек- шүрегей деп аталады.<br>- Балалар үй құстарының дыбысын салу арқылы тілімізге жаттығу жасайықшы.<br>- Тауық қалай дыбыстайды?<br>- Үйрек қалай дыбыстайды екен?<br>- Қаз қалай дыбыстайды?<br>- Әтеш қалай дыбыстайды?<br>**- Балалар, үй құстарына байланысты тақпақ білеміз бе?**<br>**Тауық туралы.**<br>Ақ тауық-ау, ақ тауық,<br>Ақ тауық неткен қақсауық,<br>Аяп жүрсем тауықты.<br>Бір жұмыртқа тауыпты.<br>- Жарайсыңдар! Енді үйрек туралы тақпақ айтайықшы.<br>Үйрек айтты га-га-га,<br>Шыға алмаймын жағаға.<br>Су іздесең мұнда кел,<br>Самал жел бар мұнда да.<br>- Енді қаз туралы тақпағымызды айтайық.<br>Қазым, қазым, қаңқылда,<br>Көлде жүзіп салқында, | **Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Шарты:** Балапандары қалай аталатынын атау.<br>**Тауық баласы: шөже, қаз баласы: ақүрпек, үйрек баласы: шүрегей күркетауық балапаны.**<br>**Тосын сәт:**<br>**Топқа сиқырлы сандықтың келуі.**<br>сиқырлы сандықтан бір д ыбыстар шығатын сияқты. Тыңдау<br>**Балалар:** Бұл үй құстарының<br>дауысы. Балалар, біз үй қ ұстарын ұмытып кетіппіз. Үй құстарына көмектесуімі з керек. Сиқырлы сандықт ың бізге берген тапсырмас ы тақпақтар айтып, үй құс тарын құтқаруымыз кере К өмектесеміз бе, балалар?<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ:**<br>Жақын түгіл маңайды,<br>Оятудан талмайды.<br>Төбелеске келгенде,<br>Алдына жан салмайды.<br>**2-топ:**<br>Шығып ауыл шетіне,<br>Жайылады бетімен.<br>Қызықтырар ол бізді<br>Жұмыртқамен, етімен.<br>**Топтық жұмыс.**<br>**Жұмбақ шешу:** | (кукареку),<br>қаз қаңқылдайды т.б.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>4.Дене шын-у |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Балалар:** - Балапан шығады<br>**Тәрбиеші:** Балапан не істеп тұр?<br>**Балалар:** - Жылап тұр.<br>**Тәрбиеші:** - Балапан, сен неге жылап тұрсың? Біз саған көмектесеміз, айтшы балапан.<br>**Балапан:** - Мен анамнан адасып кеттім. Сіздер соны тауып бере аласыңдар ма, балалар?<br>**Тәрбиеші:** - Әрине, балапан. Біз саған көмектесеміз. Балалар, бәріміз балапанның мамасын шақырайықшы.<br>**Балалар:** Қыт-қыт-қыт! Қыт-қыт-қыт!<br>**Тауық:** - Балалар, не болды, менің жұмыртқаларымды таптыңдар ма? Сендерге көп рахмет.<br>**Тәрбиеші:** - Тауық, біз балалар болып сіздің жұмыртқаңызды таптық. Оны ұстайын деп едік, ол жарылып жатыр екен. Біз оның жарылуын күттік. Міне балапаныңыз.<br>**Тауық:** - Рахмет, балалар! Менің балапанымның қарны аш еді, сендер балапаныма жем, тары | естіледі.<br>-Үлкен жұмыртқаның ішінен балапан шығады.<br>**ІІІ.Ой қозғау**<br>-Балалар бұл не екен?<br>-Балапан қандай құс?<br>-Балапанның мамығы жұмсақ па әлде қатты ма?<br>-Ол қайда өмір сүреді?<br>-Кәне балалар балапанмен амандасайықшы?<br>-Сәлеметсің бе, балапан!<br>-Балапан сен қайдан жүрсің?<br>Мен өзімнің бауырларымнан адасып, ұйықтап қалыппын. Енді бауырларымды іздеп табуым керек.<br>-Сендер маған көмектесесіңдер ме?<br>-Жарайды балапан, онда сенің бауырларыңды мына жақтан тауып көрейік.<br>**Үлгіні талдау.**<br>**Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету түсіндіру.**<br>**Дид ойын: «Бөліктерін ата»**<br>Шарты: Балапанның дене бөліктерін ата балапанның барлық бөлшектерін құрастыру. | Жем шашайын жейсің бе?<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>Жоқ, жоқ, жоқ<br>Кәмпит тәтті, болмайды ас.<br>Арпа менен бидай шаш.<br>- Өте тамаша! Балалар бағанадан бері ертегі тыңдап, үй құстарымен және олардың балапандарымен таныстық,үй құстарына байланысты тақпақ айтып шаршаған боларсыңдар. Қәне, бәріміз ұйықтап демалып алсақ қалай қарайсыңдар?<br>( Балалар ұйқыға кеткенде, топқа "Ку-ка-ри-кукук" - деп әтеш кіреді.)<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>- Балалар мені таныдыңдар ма?<br>- Жарайсыңдар! Мен сендерге бүгін қонаққа келдім. Әдемі болып кетіпсіңдер!<br>- Балалар сендердің түрлеріңе қарасам қатты шаршаған сияқтысыңдар. Қәне бәріміз орнымыздан тұрып, сергіту жаттығуын жасап алайық.<br>- Мен қазір жем іздеймін, көп жем тапсам сендерді дауыстап шақырамын. Сол | **1.**Ақ сарайын талқандап,<br>Шықты біреу талтаңдап. **2.**<br>Күн бата қонақтап қалқыған,<br>Таң ата жерден жем аңдыған.<br>**3.** Басы тарақ, құйрығы орақ.<br>**4.** Кеудесі қайқаңдап,<br>Жүреді байпаңдап.<br>**5.** Айдалада ақ отау,<br>Аузы – мұрны жоқ отау.<br>**Дид ойын: «Тауық пен балапандар»**<br>Балалар көрші үйдің балапандары тауықтан адасып қалыпты, қане, балапандарды тауып анасының қасына апарып жапсырайық.<br>Біз бүгін сиқырлы сандықтан үй құстарын құтқардық. Сендерге рахмет айтып жатыр.<br>**Дидактикалық ойын. Не қалай дыбыстайды?**<br>Кім айтады үйде қандай құстар тіршілік етеді?<br>Мынау тауық ол көлемі жағынан кішілеу, үсті толы қауырсын, бас бөлігінде екі көзі, тұмсығы, айдары бар, кеуде бөлігінде екі қанаты бар, бірақ көп биікке ұша алмайды, мынау екі аяғы, ол қыт - қыт деп дауыстайды. Мынау әтеш, оның құрлысы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тауып беріңдерші.<br>**Тәрбиеші:** - Тауық бізде жем де, тары да бар. Бірақ менің тапсырмаларымды орындасаң ғана беремін.<br>**Тауық:** - Ендеше, балалар, сендер маған көмектесіңдерші.<br>**Балалар:** Жарайды, көмектесейік.<br>1 - тапсырма: Жұмбақ шешу.<br>Басында айдары бар,<br>Иегінде сақалы бар.<br>(Әтеш)<br>**2 – тапсырма: Жаңылтпаш.**<br>Үйір - үйір балапан,<br>Үйірге кім үйретті?<br>Үйір - үйір балапан,<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>**3 – тапсырма: Балапан туралы кім өлең біледі? («Әнші балапан»)**<br>**4 – тапсырма: Үй құстарын атап беріңдер?**<br>(қаз, тауық, әтеш, үйрек)<br>**5 – тапсырма: Әтеш туралы кім жаңылтпаш біледі?**<br>Әтеш әнге басады,<br>Әтеш ұйқы ашады.<br>**Тауық:** - Балалар, сендер маған көп көмектестіңдер. Рахмет, енді мен сендермен қоштасайын. (Тауық | Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс құрастыра білу<br>-Бірінші-денесін құрастыру..<br>-Екінші-басын<br>-Үшінші-қанаттарын<br>-Ең соңында көздерін,тұмсығын, аяқтарын<br>-Балапан дайын болды<br>**Дид ойын: «Біздің көрме»**<br>**Балапанға сыйға беру.**<br>Балалардың жұмысына баға беру.<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау. | кезде барлығың келіп, жемді теріп алыңдар.<br>**Дид ойын: «Дән жинаймыз»**<br>- Жарайсыңдар! Сендер ойын ойнағанды ұнатасыңдар ма? Олай болса мен сендерге ойын әкелген болатынмын.<br>**Ойынымның шарты:** Мына тақтаға қараңдаршы, бұлар бағана "Екі әтеш" ертегісіндегі әтештер ғой. Екеуі жұлысып үстіндегі мамықтары түсіп қалыпты. Соны екі топқа бөлініп мамықтарын жабыстырайық.<br>**Дид ойын: «Әтешті әсемдейміз»**<br>Балаларды топқа бөлу.<br>- Жарайсыңдар, өте тамаша, біреуі шұбар, біреуі ақ әтеш болды. Үстіндегі мамықтарын сипап көріңдерші. Менің мамықтарым сияқты жұмсақ, үлпілдек болды. Енді екі әтеш тату болатын болды.<br>- Әтеш біздің де саған арналған тақпағымыз бар. **Қәне балалар бәріміз орнымыздан тұрып, "Әдемі әтеш" деген тақпағымызды айтып** | да тауықпен бірдей болып келеді, ол ку - ка - ре - ку деп дауыстайды.<br>Мынау үйрек ол кря - кря деп дауыстайды.<br>Мынау қаз ол өте маңғаз, жай жүреді кря - кря деп дауыстайды. Мынау балапан ол өте мамық әрі жұмсақ болады, түсі сап - сары болады.<br>**Ойын: «Балапандар мен машина»**<br>**Шарты:** Тәрбиеші тауық болады, ал балалар балапан болады. Балапандар жайылып жүреді де, алдарынан машина шыға келгенде, балапандар тауықтың қанатының астына келіп тығылады<br>**Қорытынды.**<br>Шеңберге жиналып Р.Өтегеновтың “Құстар” өлеңін хормен айтады.<br>Қоныңдар, құстар қоныңдар,<br>Бәріңе төрден орын бар,<br>Қанатты барлық достарға,<br>Балалар қамқор болыңдар!<br>Балалар әуенге сай қимыл жасап жүріп, билейді<br>.<br>**4.Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: «Тауық және оның балапандары»**<br>**II.Қызығушылықты ояту** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балапанын алып кетіп қалады)<br>**Тәрбиеші:** - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып бойымызды сергітейік.<br>Тауық тары жинапты,<br>Оны ешкімге қимапты.<br>Бөтекесін толтырып,<br>Қамбасына құймапты.<br>Қыста тауық қақылдап,<br>Тары іздеп жүр тақылдап.<br>**Дидактикалық ойын: «Топтастыр»**<br>**Шарты:** Балаларға үй құстарымен олардың балапандарының суретін үлестіріп беру. Балалар анасын балапанымен жұптастырады.<br>**Тәрбиеші:** -Балалар, сонымен сендер қандай үй құстарын білесіңдер?<br>**Балалар:** - Қаз, тауық, үйрек.<br>**Тәрбиеші:** - Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз?<br>**Балалар:** - Үйде мекендегендіктен үй құстары дейміз.<br>**Тәрбиеші:** - Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар?<br>**Балалар:** - Үй құстарының еті, сорпасы, жұмыртқасы адам ағзасына өте пайдалы. | | **берейікші:**<br>**Әдемі әтеш,**<br>Таң атпай тұрыпты,<br>Ойқастап жүріпті,<br>Жан-жаққа қарапты,<br>Айдарын тарапты.<br>Рақмет сендерге балалар!<br>Сауболыңдар! | **Дид ойын: «Ненің даусы?»**<br>Дыбыс шығып есіктен тауық кіреді. Балалар бізге не келді?<br>Тауық сендерден көмек сұрап келіпті<br>Ол өзінің балапанын жоғалтып алыпты.<br>Көмектесеміз бе<br>Тауық балапанын іздеп шарашап қалыпты<br>- Балалар тауық не жегенді жақсы көреді?<br>Олай болса тауыққа жем берейік. Мында тары мен бұршақараласыпкетіпі.<br>Тауыққа тарыны тауып берейік.<br>Саусақ моторикасына арналған<br>**Дид ойын: «Тары жинаймыз»**<br>(қалташада тігілген бұршақ пен тарыны айыру)<br>Саяхатты хабарлау.<br>Тауықтың балапанын іздеуге жолға шығамыз. мына жерде өзен ағып жатыр екен, қалай өтеміз? Балалар: Көпір саламыз.<br>*Үлкен дөңгелек тастардан балалар үлкен дөңгелек пішінді жинастырып көпір құрастырады.*<br>Судың түсі қандай?<br>**Балалар:** Судың түсі | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тәрбиеші:** - Өте жақсы, дұрыс айтасыңдар! Балалар, аулада тауықтар мен әтештер жайылып жүр екен, олардың балапандары қайда екен? Қане, балапандарды жем жеуге шақырайық. (Топтық жұмыс. Балапандарды жапсыру)<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.** | | | көгілдір<br>*Судан қолды белге қойып өтеміз.*<br>*Мына судың жиегінде балапандар шалғынға құлап қалыпты қане оларға көмектесіп тауыққа берейік.*<br>***III. Ой қозғау***<br>*Үлкен форматтағы шалғынның суретіне қиылған балапандарды құрастырып, тауықты қасына қою.*<br>**Т. Волгинаның «Балапандар» әні.**<br>**Ертіп сары балапандарын –**<br>**Айдарлы әсем шықты тауық.**<br>**«Кетпеңдер ұзап, балапандарым»,**<br>**Қыт-қыт, - дейді ауық-ауық.**<br>Сұрақ-жауап<br>-Тауық балапандарына не деді?<br>Бізде үлкендерден алыс кетіп қалуымызға болмайды екен.<br>Тауықтың балаларға рақмет айтуы.<br>Саяхаттан қайту<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Қайда бардық, неге | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көмектестік | |
| Серуенге дайындық 11.30-11.40 | **Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.**<br>**Киіну:** Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру | | | | |
| Серуен: 11.40-12.30 | **Картотека**<br>Күзгі орманды бақылау | **Картотека**<br>Құстарды тамақтандыру | **Картотека**<br>Бұлттарды қарау | **Картотека**<br>Құстарды қарау | **Картотека**<br>Аяқжолмен танысу - тротуар |
| | **Серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.** | | | | |
| Серуеннен оралу 12.30-12.40 | **Балаларға ойын киімдерін өздері шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.** | | | | |
| Түскі ас 12.40-13.10 | **ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз** | | | | |
| Ұйқы 13.10-15.10 | **Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары 15.10-15.30 | **Ояну**<br>Қандай ғажап керемет,<br>Әсем есік ашылды.<br>Түрлі - түсті бояулар,<br>Аспанда жайылып шашылды<br>Ұйқым шайдай ашылды | **Ояну**<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық. | **Ояну**<br>Көзіміздізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Қолмен көзді ұқалап<br>Созылыпбіралайық. | **Ояну**<br>Көзіміз ашылды<br>Ұйқымыз басылды<br>Дем алдық ұйықтадық<br>Шаттанып ойнайық. | **Ояну**<br>Оянайық балалар<br>Маған тезірек қарандар<br>Шапалақты ұрайық<br>Орнымыздан тұрайық. |
| | **Ұйқыдан ояту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген** | | | | |
| Бесін ас 15.30-16.00 | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және | **«Санау әні »**<br>Сандарды жаттаймын алақай,<br>Санаудың да келді кезегі.<br>1,2,3, балақай<br>Қайталаймыз асықпай.<br>1,2,3,4,5,6,7,8,9,10.<br>1-10 дейін мен<br>Санауды білемін | **Дид ойын: «Жетіспей тұрған санды орнына қой»**<br>**Шарты:** Берілген мысалдарды орындау. | Құртақандардың қолындағы пішіндерді ата және шаршыны көрсет.<br> <br>**Дид ойын: «Тізбекті** | **«Тапқыр болсаң, тауып көр»**<br>Шарты: Математикадан жұмбақ есептер шешу.<br>**1-Топқа тапсырма**<br>Бір алма берді анасы<br>«Аз» деп тұр оны баласы<br>Екеуін берді тағы да<br>Нешеу болды алмасы? | **Дид ойын: « Сөз ойла, тез ойла »**<br>Шарты: бағдаршам, мысық, жолбарыс, құлпынай сөздеріне сөйлем құрау.<br>**Дид ойын:«Буындардан сөз құрау»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тағы басқаәрекеттер)<br>16.00-16.40 | Енді керісінше әндетем,<br>Балалар, қосылыңдар.<br>10,9,8,7,6,5,4,3,2,1<br>1,2,3,4,5 тамаша<br>6,7,8,9,10-ла-ла-ла.<br>Мен ақылдымын бәрінен<br>Сен де санауды үйрен. |  | **жалға»**<br>  | **2- топқа тапсырма**<br>Далада жүр төрт түйе<br>Қосылды тағы бір түйе<br>Жалпы саны түйенің<br>Болды, неше есепте?<br>**3 – топқа тапсырма**<br>Айманда болды 5 алмұрт<br>Әселге берді 2 алмұрт<br>Айманның қалды қолында<br>Есептеші неше алмұрт | 1. Ұш 2. Тар. 3 Ал. 4. Са<br>- Осы сөзді қатыстырып сөйлем құрастыр. |
| Серуенге дайындық<br>17.00-17.30 | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | **Картотека**<br>Күзгі орманды бақылау | **Картотека**<br>Құстарды тамақтандыру | **Картотека**<br>Бұлттарды қарау | **Картотека**<br>Құстарды қарау | **Картотека** Аяқжолмен танысу - тротуар |
| | **Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы<br>17.30-18.30 | **Тәрбиеші:**<br>Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. | **Медбике:**<br>Ата-аналармен балалардың денсаулығы жөнінде әңгімелесу. | **Тәрбиеші:**<br>Ата-аналармен балаға спорт, спорт құралдары туралы айтып, түсіндіру керектігі жөнінде әңгімелесу. | **Педагог-психологтың кеңесі:**<br>Ата-аналарға баламен қандай спорттық ойын-дар ойнау керектігі жөнінде кеңес беру. | **Тәрбиеші:**<br>Балаларға спорт туралы тақпақ жаттату. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** «MDU Baqytty bala» балабақшасы

**Топ:** «Сәйгүлік» мектепалды топ

**Балалардың жасы:** 5жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 20.11.2023-24.11.2023ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 20.11.2023 | Сейсенбі 21.11.2023 | Сәрсенбі 22.11.2023 | Бейсенбі 23.11.2023 | Жұма 24.11.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау 08.00-08.30 | Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп, к**өңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.<br>Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу. отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу<br>Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | **Картотека «Табиғат құбылыстарын ажырат»**<br>**Міндеті:** Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. | **Картотека «Бұл қандай құс?»**<br>**Міндеті:** белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. | **Картотека Жер,су,ауа**<br>**Міндеті:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде ,ауада,суда не болатын ы дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу. | **Картотека «Суретші қай жерде қателесті?»**<br>**Міндеті:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. | **Картотека «Жыл мезгілдері»**<br>**Міндеті :** Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | **Қараша айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.**<br>**Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз | | | | |
| Таңғы ас 08.30-09.00 | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау<br>Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.<br>Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз | Табиғат біздің анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Иіліп сәлем береміз,<br>Біз әдепті баламыз. | Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөнгеленген шеңберді. | Дос болайық, бәріміз,<br>Жарасып тұр әніміз.<br>Тыныштықты сақтаймыз,<br>Атсын күліп таңымыз. | Кел,балалар күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек.<br>Көңілді болып жүрейік**!** |
| Білімберуұйымының кестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет<br>09.00-11.30 | **1. Математика**<br>**Тақырыбы: 10 саны және цифры.**<br>**«Жүрек жылуы»**<br>арқылы бір-біріне жылы сөздер айтады Сен өте сулусың, саған зор денсаулық тілеймін , сен бүгін өте кереметсің<br>**Кубизм әдісі** арқылы жыл мезгілін сұрау.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Өлең оқу.**<br>Аппақ,аппақ,жапалақтап,<br>Қар жауады тынбастан.<br>Қалың орман қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>-Балалар, өлеңде не туралы?<br>Балалар қардың артында тапсымалар бар екен, орындаймыз ба?<br>**II. Ой қозғау.**<br>**1-тапсырма:** | **1. Сауат ашу.**<br>**Тақырыбы: Б дыбысы**<br>**Дид ойын: «Алма теру»**<br>Алма сыртындағы әріптерді атап себетке салу арқылы өткен сабақты қайталау.<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**Саяхатты хабарлау.**<br>Сиқырлы таяқшаның көмегімен білім аялдамасына саяхат<br>**1-аялдама**<br>**«Ұстап алу» аялдамасы**<br>Жұмбақты шешу арқылы жаңа тақырыпты ашу. «Б б дыбысы мен әрпі»<br>**Бота,бақа , балық**<br>**2-аялдама**<br>**«Миға шабуыл» аялдамасында:**<br>Әріп таңбасымен таныстыру және суреттермен жұмыс,<br>**3 - аялдама**<br>**«Шығармашылық» аялдамасы:**<br>Б әрпінене басталатын сөздер.<br>**Дид ойын:** | **1. Математика**<br>**Тақырыбы: Көңілді тапқыштар.**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Санамақ айту.<br>**1.Аз- кем ұғымдары.**<br>**Дид ойын:**<br>**«Аңдарды қоректендір»**<br>- Сұрақ – жауап.<br>-Тиінге неше саңырауқұлақ бердің?<br>- Аюда неше құлпынай болды?<br>- Жанына сандарды қою арқылы санау.<br>**2.Геометриялық пішін-дермен жұмыс.**<br>**-Дид ойын:«Кім жылдам?»**<br>Таяқшалардан геомет-риялық пішіндер құрас-тыра білу. Сипаттап айту.<br>**3.Кеңістікті бағдарлау.**<br>**Дид ойын: «Орнын тауып бер»**<br>- Сұрақ – жауап.<br>Аңдарды орналастыру. | **1. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Үй құстары досымыз»**<br>**Тосын сәт:**<br>- Балалар зообақтағы тотықұс сендерге тапсырма жіберіпті.<br>Неше конверт жіберген, санайықшы. 4 конверт жіберген.<br>**Балаларды 4 топқа бөлу.**<br>Конверт ішіндегі қима суреттерді құрастыру.<br>- Балалар сендер не құрастырдыңдар?<br>Бұл үй құстары екен.<br>**Ой дамыту.**<br>**Үй құстары туралы түсінік беру:**<br>Балапан, қаз, үйрек, тауық, күркетауық – бұлар үй құстары. Адамдар оларды асырап күтеді. Үй құстары жеммен қоректенеді. Үй құстарының пайдасы көп: жұмыртқасын, етін адамдар тағам ретінде пайдаланады, жүнінен жастық, көрпе | 1. **Музыка.**<br>2. **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Уақытты бағдарлау.(апта күндері, ай аттары)<br>**II.Ғажайып сәт.**<br>Білім ханшайымынан хат келеді.<br>Хат мазмұнын оқып беру.<br>-Балалар сіздер білім ханшайымның хатта жазған тапсырмаларын орындай аласыздар ма?<br>**III.Ой қозғау.**<br>**1 - тапсырма.**<br>**Миға шабуыл.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Жұмбақ жасыру<br>**«Бұл қай кезде болады»**<br>Үйқымыздан тұрамыз<br>Беті-қолды жуамыз<br>Әкемізге ереміз,<br>Бақшамызға келеміз<br>Бұл қай кез болады балалар? **(таңертең)**<br>Сабақ оқып, ойын ойнап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дид ойын:**<br>**«Кім тапқыр»**Шарты: Балалардың білім, білік дағдыларын меңгерту мақсатында моншақтағы сандар тізбегін толықтырып санау.<br>**2-тапсырма:**<br>**Дид ойын:**<br>**«Ойлан топтас, бөліс»**<br>**Шарты:** Балалардың жылдам ойлау дағдыларын қалыптастыру. Гүлдерді орналасу ретіне қарай сәйкес сандармен байланыстыру. Балаларды мадақтау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымды бес саусақ<br>Қосссақ егер екеуін<br>Болады екен он саусақ.<br>**3-тапсырма**<br>**Дид ойын: «Ойланып көр»** Балаларды жылдам ойлау дағдысын қалыптастыру<br>- Берілген суреттерді салыстыра алады.<br>-Берілген суреттегі 10 айырмашылықты таба алады;<br>-Айырмашылықтарын тауып түсіндіріп бере | **«Мен бастаймын сен аяқта»**<br>**4- аялдама**<br>**«Орнын тап»** аялдамасы: Б әрпінің орнын табады.<br>Мыс: Бақша, табақ, бақбақ, барабан.<br>Сөздерді буынға бөледі. Б дыбысының дауыссыз дыбыс екенін еске түсіреді.<br>**Сергіту сәті:**<br>**5-аялдама**<br>**«Кім зерек»** аялдамасы: Сөздерге дыбыстық талдау жасау. Бақа, балық, бота<br>**Педагог жетекшілігмен ойын: «Шашылған әріптер» Шарты:**<br>Шашылған әріптерді өз үйіне орналастырады. Дауысты және дауыссыз.<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Тауық пен балапан.**<br>**Ой қозғау.**<br>- Балалар, біз қандай құстарды білеміз?<br>- Құстар қандай болып бөлінеді?( Үй құстары және дала құстары болып екіге бөлінеді).<br>- Үй құстарына қандай құстар жатады? (қаз, үйрек, | **4. Ой қозғау.**<br>**Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»**<br>Мақсаты: Балалардың ойлау<br>қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.Әр мезгілге өз түсін қоя білу.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Біз кішкентай баламыз,**<br>**Өсіп, өніп толамыз.**<br>**Күнге қарай талпынып,**<br>**Көкке қолды созамыз.**<br>**Қанат қағып ұшамыз,**<br>**Қарлығаштай самғаймыз,**<br>**Бір отырып, бір тұрып,**<br>**Жаттығулар жасаймыз**<br>**5. Салыстыру.**<br>Қарапайым салыстыру терминдерін мысал сөздер арқылы қалыптастыру, сөздік қорын дамыту.<br>Апай Айшадан ұзын,<br>Айша апайдан қысқа. т.б.<br>**Дид ойын:«Өз үйіңді тап»**<br>Ойынның құрал жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар | жасайды. Сол себептен адамдар үй құстарына қамқор көрсетіп, асырайды. Ұя салады, жем береді, ыдысқа су құйып береді, ұя маңын тазалайды, балапандарына да қорек беріп көмек көрсетеді.<br>**Жаңылтпаш**<br>Әтеш әнге басады,<br>Әтеш ұйқы ашады.<br>**Сергіту сәті.**<br>1,2,3<br>Қарлығаш боп ұш.<br>4,5,6<br>Қарлығаш боп шалқы.<br>7,8,9,10<br>Қарлығаш боп қон!<br>**Дидактикалық ойын: «Қай құс жоқ?».**<br>Шарты: Балалардың алдына үй құстарының суреттері қойылады.<br>Көздерін жұму арқылы қай құстың суреті жасырылғанын дұрыс табуы керек.<br>**«Ненің дауысы?» Ойын шарты:** Балаларға үй құстарының дауыстары аудиотаспадан жіберіледі. Балалар қай құстың дауысы екенін табулары қажет.<br>**«Неше?» интерактивті ойыны.** Экраннан бір үй құсының суреті көрсетіледі. | Серуендеп қайтамын<br>Тамағымды ішіп<br>Түсте ұйықтап жатамын.<br>**(Күндіз)**<br>Біз тәртіпті баламыз<br>Сабақты да оқимыз<br>Серуенге шығамыз,қыдырамыз<br>Бұл қай кез? **(Түс)**<br>Ұйқыдан тұрып,бетіқолды жуыпТөсекті жинап тазалықты сақтап,Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын<br>Бұл қай кез? **(Бесін)**<br>· Күн батады қызарып,<br>Мамамызды күтеміз<br>Бұл қай кез? **(Кеш)**<br>Үйге келіп кино көріп<br>Ойыншықтарды жинастырып<br>Беті-қолды жуып,тісімді тазартып<br>Ұйықтауға жатамын<br>Бұл қай кез? **(Түн)**<br>**Ой дамыту.**<br>**АКТ көрсету.**<br>**Балаларға уақыт туралы түсінік беру.**<br>**2 - тапсырма.** «Аптаданешекүн бар?»<br>1-7 дейін сандар<br>**Сергіту сәті:**<br>Таңертең – оянамыз,<br>жуынамыз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алады.<br><br>Балаларды мадақтау.<br>**4-тапсырма.**<br>**Дид ойын: « Адасқан сандар»**<br>**Шарты:** Адасқан сандарды рет-ретімен орналастыру.<br>**0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.**<br>**9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1, 0.**<br>**Тура, кері санау**<br>**5-тапсырма**<br>**Дид ойын «Көршілерін тап»**<br>Кіші көршім сол жақта,<br>Үлкен көршім оң жақта,<br>Тұрушы еді қасымда.<br>Қайда кеткен жан-жаққа?<br>10 санының көршісін табу. 8,9,6,7,5<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br>Балалар қандай тапсырмалар орындадық?<br>Көңілді смайлктер беру.<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Үй құстары»**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Дид ойын: «Ненің** | тауық, қораз).<br>- Дала құстарына ше?(торғай, қарлығаш, қарға, тоқылдақ, көкек).<br>- Ал бұл құстардың айырмашылығы, балалар, үй құстары үйде бағылады, адамның көмегін қажет етеді. Дала құстары болса, өз бетінше өмір сүре алады, өз тамақтарын өздері аулап өмір сүреді.<br>- Балалар, үй құстары бір - бірімен қалай амандасатынын білесіңдер ме? құстар сөйлей білмесе де өздеріне тән дыбыс шығарып, өзара бір бірімен амандасып, адамдар сияқты қарым қатынаста болып, бірін - бір жақсы түсінеді және сезінеді екен.<br>**Енді балалар құстардың дене мүшесін атап өтейік. (денесі, басы, тұмсығы. қанаты, аяғы.)**<br>- Тұмсығымен шоқиды, қанатын қағып ұшады.<br>**Ғажайып сәт:**<br>Топқа тауық келеді.<br>Тауық өте көңілсіз.<br>Ол өзінің шөжелерін жоғалтып алғанын айтып көмек сұрайды.<br>Тәрбиеші:<br>- Балалар, тауыққа | дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлердің ішіне тұра қалады.<br><br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: Д дыбысы**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Ерте-ерте-ертеде екі дос болыпты. Біреуі - дыбыс, екіншісі - әріп. Ешкім оларды айыра алмапты, қайсысы дыбыс, қайсысы әріп екенін.<br>Ал сендер білесіндер ме?<br>**Миға шабуыл.**<br>Кәне оны кім айтады?<br>Дыбыс дегеніміз не?<br>Әріп дегеніміз не?Жақсы, балалар. Енді дыбыстар екі түрлі болады екен. Қандай? (дауысты, дауыссыз).<br>Дауысты дыбыс екенін қалай білуге болады?<br>Дауыссыз дыбыс екенін қалай білуге болады?<br>Балалар, біз қандай дыбыстарды өттік?<br>**Дид ойын:«Сөз ойла , тез ойла»**<br>**Дид ойын «Үйін тап»**<br>Тапсырма: суреттегі сөздерді буынға бөліп, өз үйін табуға көмектесіндер.<br>**Сергіту сәті .**<br>Жаңа тақырып. | Флипчарттың көбейту қызметі арқылы бала бірнеше құс жасайды және саны нешеу екенін айтады.<br>Мысалы: мынау – балапан.<br>Балапан бесеу немесе бес балапан.<br>**Топпен жұмыс:**<br>**1-топ.** Жапсыру – үй құстарын қиып жапсыру.<br>**2-топ.** Бейнелеу өнері – үй құстарын бояп шығу.<br>**3-топ.** Мүсіндеу – үй құстарын ермек- саздан мүсіндеп шығару.<br>**Тыйым сөздер:**<br>- Балалар кім құстар туралы тыйым сөздер біледі?<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** «Жоғалған буын»<br>**Писхологиялық дайындық**<br>Жақсы көңіл күймен жақсы сөздер<br>**Тосын сәт.**<br>Топқа қуыршақтың келуі<br>Амандасу<br>-Балалар маған әдемі ат қойып беріңдерші<br>Сендермен дос болғым келеді.<br>**Ой дамыту.**<br>Қуыршаққа ат қою | Тісімізді тазалаймыз, шашымызды тараймыз.<br>Күндіз – ойнаймыз секіреміз.<br>Кешке – Балабақшадан ораламыз, теледидар көреміз, жуынамыз.<br>Түнде - ұйықтаймыз.<br>**3-тапсырма:**<br>**Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»**<br>Шарты: Суреттерді құрастыру арқылы суреттегі сұрақтарға жауап беру.<br>-Жылдың қай мезгілі?<br>-Тәуліктің қандай бөлігі?<br>-Бір қолымызда неше саусақ бар?<br>-Аспанда қанша күн бар?<br>-Иттің неше көзі бар?<br>Аспандақаншажұлдыз бар?<br>**4 - тапсырма.**<br>**Санамақтар айту.**<br>Бір - дегенім бесік,<br>Шықтық содан өсіп.<br>Екі – дегенім елім,<br>Далам, тауым, көгім.<br>Үш – дегенім үміт,<br>Үміт артар жігіт.<br>Төрт – дегенім төзім,<br>Төзе білем өзім.<br>Бес – дегенім бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br>**Қортындылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **даусы»**<br>Шарты: Үнтаспадан құстардың дауысын тыңдату.<br>Үнтаспадан үй құстарының дауысын тыңдату.<br>Сұрақ- жауап.<br>**Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс**<br>Үй құстары.<br>-Әтеш пен тауықтың суретін көрсетіп, олардың дене бітімі, ұқсастықтары мен ерекшелігі туралы сұрақтар қою.<br>-Әтеш қалай дыбыстайды?<br>- Ал, тауық ше?<br>-Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз?<br>-Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар?<br>**Ой қозғау.**<br>АКТ технологиясын пайдаланып үй құстарын тамашалау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Әтеш ерте оянып,<br>Жан-жағына қарады.<br>Шынықтырып денесін,<br>Қанаттарын қағады.<br>**Дид ойын:**<br>**«Көлеңкесін тап»**<br>Шарты: Сурет бойынша | көмектесеміз бе<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Балапандар» биі.**<br>Тауықпен бірге балалар билейді<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Күн бата қонақтап қалғыған,<br>Таң ата жерден жем аңдыған. (Тауық)<br>Ақ сарайын талқандап,<br>Шықты біреу талтаңдап. (балапан)<br>- Ал енді, балалар, тауыққа шөжелерін табуға көмектесейік.<br>**Шығармашылық жұмыс**<br>Тауықтың қасына балапандарды жапсыру.<br>Тапқан балапандарды тауықтың қасына қою.<br>**Тәжірибелік жұмыс.**<br>Ыдыста аралас болған тары мен бұршақты бір – бірінен ажыратып шөжелерге тарыны беру.<br>Рефлекциялық - түзетушілік<br>- Балалар сонымен біз бүгін қандай тақырыпта танысып, әңгімелестік? (Үй құстары)<br>- Үй құстарына қандай құстар жатады? (Тауық, үйрек, қораз, қаз).<br>- Дала құстарына ше? (қарға, сауысқан, тоқылдақ, көкек, тоғай). | Тақпақ оқу.<br>Добым, добым домалақ,<br>Тоқтамайсың домалап,<br>Үстел үстін бүлдірдің,<br>Тарелкені сындырдың<br>Доп сөзі қандай дыбыстан басталып тұр?<br>Сонда бүгін қандай жаңа дыбыспен танысамыз? (Д)<br>- Дыбыстың артикуляциясы<br>-Д дыбысы қалай айтылады?<br>(Тілдің ұшы үстіңгі күрек тіске тиіп қашып отырады)<br>- Дыбыстың сипаттамасы<br>-«Д» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>-Неге олай ойлансындар?<br>-Оны қандай түсті текшемен белгілейміз?<br>**4) «Доп» сөзіне дыбыстық талдау жасау**<br>Неше буын?<br>1-ші дыбыс қандай? (д – дауыссыз, көк текшемен белгілейміз)<br>2-ші дыбыс қандай? (о – дауысты, қызыл текшемен белгілейміз)<br>3-ші дыбыс қандай? (п – дауыссыз, көк текшемен белгілейміз)<br>-Неше дауысты дыбыс? (1)<br>-Неше дауыссыз дыбыс? (2) | Сара деп қойсақ қайтеді.<br>Сараны отырғызу.<br>- Сара сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік.<br>Са - ра.<br>- Бірінші буынын кім айтады?<br>- Бірінші буыны Са.<br>- Екінші буыны - ра.<br>- Дұрыс. Екі буыннан тұрады. Себебіекі дауысты дыбысы бар. Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады.<br>**Балаларды екі топқа бөлу.**<br>**Дид ойын: «Жоғалған буын».**<br>**Ойынның шарты:** жылдам ойлап, келесі буынды табу.<br>- Мен бірінші буынды көрсетемін, сендер жоғалған буынды табасыңдар.<br>Үй, -, бө - - не, қар -, сауыс -, тыр -,кө -, тор -, бүр -.<br>Ойын соңында жеңімпаз топқа түрлі- түсті жалауша беріледі.<br>**IV. Сергіту сәті:**<br>Қане, қане, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық,<br>Бишілерше бұралып,<br>Дөңгелене билейік,<br>Домбыраны қолға алып<br>Әжем айтқан ертегіні<br>Күйшілерше шертейік.<br>Әсем әуен сазымен | -Балалар кімнен хат келді?<br>Балалар сендер тапсырманы жақсы орындадыңдар.<br>Енді білім ханшайымына хат жазайық.<br>Балалардың жауаптары.<br>Хатты Білім ханшайымына беріп жіберу.<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: « Құстар біздің досымыз»**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>1. Қызыл бұжыр айдары бар,<br>Қоқиланған айбары бар.<br>Ауық-ауық азан салып,<br>Өңеш керген айқайы бар. **(әтеш)**<br>2.Кеудесі қайқаңдап,<br>Жүреді балпаңдап. **(қаз)**<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Ауыл маңы саз – саз - саз,<br>Жайылады қаз - қаз - қаз<br>Жем шашсаң мәз - мәз - мәз<br>Тоймай қалса қаз – қаз – қаз<br>Шашқан дәннің аз – аз – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құстардың көлеңкесін тауып қоя білу.<br>  <br>**Қорытынды**<br>–Бүгінгі ұіә не жайлы сөз болды?<br>–Олардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?<br>–Үй құстары бізге қандай пайда келтіреді?<br>Балаларды мадақтау.<br>**3.Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: «Тауық және оның балапандары»**<br>**II.Қызығушылықты ояту**<br>**Дид ойын: «Ненің даусы?»**<br>Дыбыс шығып есіктен тауық кіреді. Балалар бізге не келді?<br>Тауық сендерден көмек сұрап келіпті<br>Ол өзінің балапанын жоғалтып алыпты.<br>Көмектесеміз бе<br>Тауық балапанын іздеп шарашап қалыпты<br>- Балалар тауық не | - Біз неге көмектестік?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**4. .Құрастыру.**<br>**Тақырыбы: «Балапан»**<br>**II.Қызығушылықты ояту.**<br>Шықырлаған дауыс естіледі.<br>-Үлкен жұмыртқаның ішінен балапан шығады.<br>**III.Ой қозғау**<br>-Балалар бұл не екен?<br>-Балапан қандай құс?<br>-Балапанның мамығы жұмсақ па әлде қатты ма?<br>-Ол қайда өмір сүреді?<br>-Кәне балалар балапанмен амандасайықшы?<br>-Сәлеметсің бе, балапан!<br>-Балапан сен қайдан жүрсің?<br>Мен өзімнің бауырларымнан адасып, ұйықтап қалыппын. Енді бауырларымды іздеп табуым керек.<br>-Сендер маған көмектесесіңдер ме?<br>-Жарайды балапан, онда сенің бауырларыңды мына жақтан тауып көрейік.<br>**Үлгіні талдау.**<br>**Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету түсіндіру.**<br>**Дид ойын: «Бөліктерін ата»**<br>Шарты: Балапанның дене бөліктерін ата балапанның барлық | -Барлығы неше дыбыс? (3)<br>(бір бала тақтада, қалғандары орындарында)<br>**5) Сөйлем құрастыру**<br>**Мен доппен ойнадым**<br>(бір бала тақтада, қалғандары орындарында)<br>Мынау «Д» - бас әрпі, «д» - кіші әрпі, ал мынау жазбаша түрлері.<br>Ереже: Бас әріппен – кісінің аты, фамилиясы, қалалардың аттары жазылады.<br>Мысалы: доп, домбыра, дала, дос.<br>**Дид ойын: «Кім шапшаң»**<br>Д дыбысы бар сөздерді айтындар<br>Д дыбысы сөздің қай жерінде тұр?<br>**Қортынды:**<br>Қандай дыбыспен таныстық?<br>Дауысты ма, дауыссыз ба?<br>Қандай текшемен белгілейміз?<br>**Мадақтау.**<br>**3.Дене шын-у**<br>Педагог жоспары бойынша.<br><br>**4.Қазақ тілі.**<br>**Тақырыбы: Екі әтеш ертегісі**<br>**Қызығушылықты ояту.** | Өнерді біз жалғайық.<br>**V.Дид ойын: «Сөйлем құрастыр»**<br>Шарты: Сурет арқылы берілген буындарды сызық арқылы қосу.<br>**VI. Дыбыстық талдау.**<br>**Текшемен жұмыс**<br>**1-топ** Сара сөзін текшемен жазу<br>**2-топ.** Сана сөзін текшемен жазу.<br>**VII. Буындардан сөз құрау.**<br>- Енді әуе шарларына жазылған буындардан сөз құрау: Ұ - зақ, көкек, қар - лы - ғаш, тор - ғай, тыр - на, боз - тор - ғай.<br>Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрау.<br>Ұзақ - жыл құсы. Торғай шырылдады. Тырна ұшып келді.<br>Буын туралы білімдерін тиянақтау.<br>**Қорытынды:**<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау.<br>**Рефлексия:** Не білдің? Не үйрендің? Балалар бүгін біздің іс-әрекетіміз қалай өткенін смайликтер арқылы көрсетіңдерші<br><br>**3.Қазақ тілі** | аз.<br>Деп айтады қаз – қаз –қаз.<br>**Ой дамыту.**<br>Үй құстары туралы түсінік беру.<br>Сұрақ-жауап.<br>-Неліктен үй құстары дейміз?<br>-Үй құстарының ұқсастығы неде?<br>-Құстар суды қалай ішеді?<br>-Құстар қалай көбейеді?<br>-Олардың бізге қандай пайдасы бар?<br>-Сөздік жұмыс жүргізу. мамығы, қауырсыны, тұмсығы, жем сауыты, еті, жұмыртқасы<br>т.б<br>**Сергіту сәті.**<br>Қазым,қазым қаңқылда,<br>Көлде жүзіп салқында,<br>Жем шашайын жейсіңбе?<br>Конфет берші дейсіңбе?<br>Жоқ,жоқ,жоқ,<br>Конфет тәтті болмайды ас,<br>Арпаменен бидай шаш<br>**Ой қозғау.**<br>Сурет бойынша әңгіме.<br>- Қандай құсты көріп тұрмыз?<br>- Олардың дала құстарынан айырмашылығы неде? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жегенді жақсы көреді? Олай болса тауыққа жем берейік. Мында тары мен бұршақараласыпкетіпі. Тауыққа тарыны тауып берейік. Саусақ моторикасына арналған **Дид ойын: «Тары жинаймыз»** (қалташада тігілген бұршақ пен тарыны айыру) Саяхатты хабарлау. Тауықтың балапанын іздеуге жолға шығамыз. мына жерде өзен ағып жатыр екен, қалай өтеміз? Балалар: Көпір саламыз. *Үлкен дөңгелек тастардан балалар үлкен дөңгелек пішінді жинастырып көпір құрастырады.* Судың түсі қандай? **Балалар:** Судың түсі көгілдір *Судан қолды белге қойып өтеміз. Мына судың жиегінде балапандар шалғынға құлап қалыпты қане оларға көмектесіп тауыққа берейік.* | бөлшектерін құрастыру. Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс құрастыра білу -Бірінші-денесін құрастыру.. -Екінші-басын -Үшінші-қанаттарын -Ең соңында көздерін,тұмсығын, аяқтарын -Балапан дайын болды **Дид ойын: «Біздің көрме» Балапанға сыйға беру.** Балалардың жұмысына баға беру. **Қортынды** Сұрақ-жауап | - Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? - Олай болса қазір қиял-ғажайып еліне саяхаттаймыз. көзімізді жұмып 1,2,3 деп санаймыз.Сиқырлы әуен ойналады. - Балалар біз қиял-ғажайып еліне жеткен сияқтымыз, көзімізді ашайықшы. - Сендер тыныш отыра тұрыңдар, мен барып мына тұрған үйшікті қағып көрейін. - Тук-тук, кім бар екен? - Мен бармын. - Сіз кімсіз? - Мен қиял-ғажайып еліндегі ертекші әжеймін. - Ооо, жақсы болды ғой. Біз "Үй құстарына" байланысты ертегі тыңдағымыз келеді. - Олай болса мен сендерге "Екі әтеш" ертегісін айтып берейін. **АҚТ технологиясымен жұмыс.** ("Екі әтеш" ертегісін айтып береді) - Балалар ертекші әжейдің ертегісі сендерге ұнады ма? - Сіздің ертегіңіз бізге қатты ұнады. Енді біз өз | **Тақырыбы: Үй құстары** **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Шарты:** Балапандары қалай аталатынын атау. **Тауық баласы: шөже, қаз баласы: ақүрпек, үйрек баласы: шүрегей күркетауық балапаны.** **Тосын сәт:** **Топқа сиқырлы сандықтың келуі.** сиқырлы сандықтан бір д ыбыстар шығатын сияқты. Тыңдау **Балалар:** Бұл үй құстарының дауысы. Балалар, біз үй қ ұстарын ұмытып кетіппіз. Үй құстарына көмектесуімі з керек. Сиқырлы сандықт ың бізге берген тапсырмас ы тақпақтар айтып, үй құс тарын құтқаруымыз керек. — Көмектесеміз бе, балалар? **Балаларды топқа бөлу.** **1-топ:** Жақын түгіл маңайды, Оятудан талмайды. Төбелеске келгенде, Алдына жан салмайды. **2-топ:** Шығып ауыл шетіне, Жайылады бетімен. Қызықтырар ол бізді Жұмыртқамен, етімен. | **Мнемокестемен жұмыс.** -Құстарға сипаттама беру. **Дид ойын: «Қайсысы қалай дыбыстайды?»** Мысалы: тауық қыт-қыттайды, әтеш айқайлайды (кукареку), қаз қаңқылдайды т.б. Балаларды мадақтау. **4.Дене шынықтыру** Педагог жоспарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***III. Ой қозғау***<br>*Үлкен форматтағы шалғынның суретіне қиылған балапандарды құрастырып, тауықты қасына қою.*<br>**Т. Волгинаның «Балапандар» әні.**<br>**Ертіп сары балапандарын –**<br>**Айдарлы әсем шықты тауық.**<br>**«Кетпеңдер ұзап, балапандарым»,**<br>**Қыт-қыт, - дейді ауық-ауық.**<br>Сұрақ-жауап<br>-Тауық балапандарына не деді?<br>Бізде үлкендерден алыс кетіп қалуымызға болмайды екен.<br>Тауықтың балаларға рақмет айтуы.<br>Саяхаттан қайту<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Қайда бардық, неге көмектестік<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспарымен | | елімізге оралайық. Рақмет сізге, ертекші әжей. Сауболыңыз!<br>- Сауболыңдар балалар!<br>- Балалар біз елімізге оралу үшін тағы да көзімізді жұмып 1,2,3 деп айтуымыз керек.<br>(Сиқырлы әуен ойналады)<br>- Балалар көзімізді ашсақ болады. Елімізге келдік.<br>**Ой қозғау.**<br>- Біз жаңа қай жаққа саяхаттап келдік?<br>- Ол жақта кім бар екен?<br>- Иә. Ертекші әжей бізге қандай ертегі айтып берді?<br>- Ертегінің ішінде қандай кейіпкерлер бар екен?<br>- Иә, дұрыс айтасыңдар. Әтеш, балапандар үй құстарына жатады.<br>- Тауық, үйрек, қаз, әтеш - бұлардың бәрі үй құстары деп аталады.<br>**Түсініктеме бөлімі**<br>- Мынау тауық. Шұбар түсті тауық екен. Міне мынау жұмыртқасы.<br>- Ал мынау-үйрек. Үйректің түсі жасыл екен. Бұл құстар суда жүзгенді ұнатады.<br>- Мынау-қаз. Қаздың мойны, тұмсығы ұзындау болады. Ал мынау | **Топтық жұмыс.**<br>**Жұмбақ шешу:**<br>**1.**Ақ сарайын талқандап,<br>Шықты біреу талтаңдап. **2.**<br>Күн бата қонақтап қалқыған,<br>Таң ата жерден жем аңдыған.<br>**3.** Басы тарақ, құйрығы орақ.<br>**4.** Кеудесі қайқаңдап,<br>Жүреді байпаңдап.<br>**5.** Айдалада ақ отау,<br>Аузы – мұрны жоқ отау.<br>**Дид ойын: «Тауық пен балапандар»**<br>Балалар көрші үйдің балапандары тауықтан адасып қалыпты, қане, балапандарды тауып анасының қасына апарып жапсырайық.<br>Біз бүгін сиқырлы сандықтан үй құстарын құтқардық . Сендерге рахмет айтып жатыр.<br>**Дидактикалық ойын. Не қалай дыбыстайды?**<br>Кім айтады үйде қандай құстар тіршілік етеді?<br>Мынау тауық ол көлемі жағынан кішілеу, үсті толы қауырсын, бас бөлігінде екі көзі, тұмсығы, айдары бар, кеуде бөлігінде екі қанаты бар, бірақ көп биікке ұша алмайды, мынау екі аяғы, ол | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қанаттары.<br>- Мынау - әтеш. Мына әтештің түсі қара екен. Әтеш тауыққа қарағанда үлкендеу болады.<br>- Балалар, үй құстары жеммен қоректенеді. Олар көктемде балапан басады.Үй құстарының пайдасы көп: жұмыртқасын, етін адамдар тағам ретінде пайдаланады, жүнінен жастық, көрпе жасайды. Сол себептен адамдар үй құстарына қамқорлық көрсетіп, асырайды. Қора жасайды, ұя салады, жем береді, ыдысқа су құйып береді, ұя маңын тазалайды, балапандарына да қорек беріп, көмек көрсетеді.<br>- Енді балалар осы үй құстарын көрдік, енді олардың сендер сияқты кішкентай балапандары болады, солармен танысайық.<br>- Тауық - балапан,<br>Қаз- мамыр,<br>Үйрек- шүрегей деп аталады.<br>- Балалар үй құстарының дыбысын салу арқылы тілімізге жаттығу | қыт - қыт деп дауыстайды. Мынау әтеш, оның құрлысы да тауықпен бірдей болып келеді, ол ку - ка - ре - ку деп дауыстайды.<br>Мынау үйрек ол кря - кря деп дауыстайды.<br>Мынау қаз ол өте маңғаз, жай жүреді кря - кря деп дауыстайды. Мынау балапан ол өте мамық әрі жұмсақ болады, түсі сап - сары болады.<br>**Ойын: «Балапандар мен машина»**<br>**Шарты:** Тәрбиеші тауық болады, ал балалар балапан болады. Балапандар жайылып жүреді де, алдарынан машина шыға келгенде, балапандар тауықтың қанатының астына келіп тығылады<br>**Қорытынды.**<br>Шеңберге жиналып Р.Өтегеновтың “Құстар” өлеңін хормен айтады.<br>Қоныңдар, құстар қоныңдар,<br>Бәріңе төрден орын бар,<br>Қанатты барлық достарға,<br>Балалар қамқор болыңдар!<br>Балалар әуенге сай қимыл жасап жүріп, билейді.<br>**4.Қоршаған орта**<br>**Тәрбиеші:** - Балалар, тыңдаңдаршы, бір нәрсе | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жасайықшы.<br>- Тауық қалай дыбыстайды?<br>- Үйрек қалай дыбыстайды екен?<br>- Қаз қалай дыбыстайды?<br>- Әтеш қалай дыбыстайды?<br>**- Балалар, үй құстарына байланысты тақпақ білеміз бе?**<br>**Тауық туралы.**<br>Ақ тауық-ау, ақ тауық,<br>Ақ тауық неткен қақсауық,<br>Аяп жүрсем тауықты.<br>Бір жұмыртқа тауыпты.<br>- Жарайсыңдар! Енді үйрек туралы тақпақ айтайықшы.<br>Үйрек айтты га-га-га,<br>Шыға алмаймын жағаға.<br>Су іздесең мұнда кел,<br>Самал жел бар мұнда да.<br>- Енді қаз туралы тақпағымызды айтайық.<br>Қазым, қазым, қаңқылда,<br>Көлде жүзіп салқында,<br>Жем шашайын жейсің бе?<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>Жоқ, жоқ, жоқ<br>Кәмпит тәтті, болмайды ас.<br>Арпа менен бидай шаш.<br>- Өте тамаша! Балалар бағанадан бері ертегі тыңдап, үй құстарымен және олардың балапандарымен таныстық,үй құстарына | тырсылдап жатыр. Қане, қайтадан тыңдайықшы. Керемет мына жұмыртқаның үлкенін - ай, өзінің түсі аппақ екен, ал көлемі неге ұқсайды екен.<br>**Тәрбиеші:** - Балалар, жұмыртқа жарылып жатыр екен. Бұдан не шығатынын білесіңдер ме?<br>**Балалар:** - Балапан шығады<br>**Тәрбиеші:** Балапан не істеп тұр?<br>**Балалар:** - Жылап тұр.<br>**Тәрбиеші:** - Балапан, сен неге жылап тұрсың? Біз саған көмектесеміз, айтшы балапан.<br>**Балапан:** - Мен анамнан адасып кеттім. Сіздер соны тауып бере аласыңдар ма, балалар?<br>**Тәрбиеші:** - Әрине, балапан. Біз саған көмектесеміз. Балалар, бәріміз балапанның мамасын шақырайықшы.<br>**Балалар:** Қыт-қыт-қыт! Қыт-қыт-қыт!<br>**Тауық:** - Балалар, не болды, менің жұмыртқаларымды таптыңдар ма? Сендерге көп рахмет.<br>**Тәрбиеші:** - Тауық, біз балалар болып сіздің жұмыртқаңызды таптық. Оны ұстайын деп едік, ол | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | байланысты тақпақ айтып шаршаған боларсыңдар. Қәне, бәріміз ұйықтап демалып алсақ қалай қарайсыңдар?<br>( Балалар ұйқыға кеткенде, топқа "Ку-ка-ри-кукук" - деп әтеш кіреді.)<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>- Балалар мені таныдыңдар ма?<br>- Жарайсыңдар! Мен сендерге бүгін қонаққа келдім. Әдемі болып кетіпсіңдер!<br>- Балалар сендердің түрлеріңе қарасам қатты шаршаған сияқтысыңдар. Қәне бәріміз орнымыздан тұрып, сергіту жаттығуын жасап алайық.<br>- Мен қазір жем іздеймін, көп жем тапсам сендерді дауыстап шақырамын. Сол кезде барлығың келіп, жемді теріп алыңдар.<br>**Дид ойын: «Дән жинаймыз»**<br>- Жарайсыңдар! Сендер ойын ойнағанды ұнатасыңдар ма? Олай болса мен сендерге ойын әкелген болатынмын.<br>**Ойынымның шарты:**<br>Мына тақтаға қараңдаршы, | жарылып жатыр екен. Біз оның жарылуын күттік. Міне балапаныңыз.<br>**Тауық:** - Рахмет, балалар! Менің балапанымның қарны аш еді, сендер балапаныма жем, тары тауып беріңдерші.<br>**Тәрбиеші:** - Тауық бізде жем де, тары да бар. Бірақ менің тапсырмаларымды орындасаң ғана беремін.<br>**Тауық:** - Ендеше, балалар, сендер маған көмектесіңдерші.<br>**Балалар:** Жарайды, көмектесейік.<br>1 - тапсырма: Жұмбақ шешу.<br>Басында айдары бар,<br>Иегінде сақалы бар.<br>(Әтеш)<br>**2 – тапсырма: Жаңылтпаш.**<br>Үйір - үйір балапан,<br>Үйірге кім үйретті?<br>Үйір - үйір балапан,<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>**3 – тапсырма: Балапан туралы кім өлең біледі? («Әнші балапан»)**<br>**4 – тапсырма: Үй құстарын атап беріңдер?**<br>(қаз, тауық, әтеш, үйрек)<br>**5 – тапсырма: Әтеш туралы кім жаңылтпаш біледі?**<br>Әтеш әнге басады, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бұлар бағана "Екі әтеш" ертегісіндегі әтештер ғой. Екеуі жұлысып үстіндегі мамықтары түсіп қалыпты. Соны екі топқа бөлініп мамықтарын жабыстырайық.<br>**Дид ойын: «Әтешті әсемдейміз»**<br>Балаларды топқа бөлу.<br>- Жарайсыңдар, өте тамаша, біреуі шұбар, біреуі ақ әтеш болды. Үстіндегі мамықтарын сипап көріңдерші. Менің мамықтарым сияқты жұмсақ, үлпілдек болды. Енді екі әтеш тату болатын болды.<br>- Әтеш біздің де саған арналған тақпағымыз бар. **Қәне балалар бәріміз орнымыздан тұрып, "Әдемі әтеш" деген тақпағымызды айтып берейікші:**<br>**Әдемі әтеш,**<br>Таң атпай тұрыпты,<br>Ойқастап жүріпті,<br>Жан-жаққа қарапты,<br>Айдарын тарапты.<br>Рақмет сендерге балалар! Сауболыңдар! | Әтеш ұйқы ашады.<br>**Тауық:** - Балалар, сендер маған көп көмектестіңдер. Рахмет, енді мен сендермен қоштасайын. (Тауық балапанын алып кетіп қалады)<br>**Тәрбиеші:** - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып бойымызды сергітейік.<br>Тауық тары жинапты,<br>Оны ешкімге қимапты.<br>Бөтекесін толтырып,<br>Қамбасына құймапты.<br>Қыста тауық қақылдап,<br>Тары іздеп жүр тақылдап.<br>**Дидактикалық ойын: «Топтастыр»**<br>**Шарты:** Балаларға үй құстарымен олардың балапандарының суретін үлестіріп беру. Балалар анасын балапанымен жұптастырады.<br>**Тәрбиеші:** -Балалар, сонымен сендер қандай үй құстарын білесіңдер?<br>**Балалар:** - Қаз, тауық, үйрек.<br>**Тәрбиеші:** - Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз?<br>**Балалар:** - Үйде мекендегендіктен үй құстары дейміз.<br>**Тәрбиеші:** - Үй құстарының | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | адамға қандай пайдасы бар?<br>**Балалар:** - Үй құстарының еті, сорпасы, жұмыртқасы адам ағзасына өте пайдалы.<br>**Тәрбиеші:** - Өте жақсы, дұрыс айтасыңдар! Балалар, аулада тауықтар мен әтештер жайылып жүр екен, олардың балапандары қайда екен? Қане, балапандарды жем жеуге шақырайық. (Топтық жұмыс. Балапандарды жапсыру)<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.** | |
| Серуенге дайындық 11.30-11.40 | **Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.**<br>**Киіну:** Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру | | | | |
| Серуен: 11.40-12.30 | **Картотека**<br>Күзгі орманды бақылау | **Картотека**<br>Құстарды тамақтандыру | **Картотека**<br>Бұлттарды қарау | **Картотека**<br>Құстарды қарау | **Картотека**<br>Аяқжолмен танысу - тротуа |
| | **Серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.** | | | | |
| Серуеннен оралу 12.30-12.40 | **Балаларға ойын киімдерін өздері шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.** | | | | |
| Түскі ас 12.40-13.10 | **ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз** | | | | |
| Ұйқы 13.10-15.10 | **Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары 15.10-15.30 | **Ояну**<br>Қандай ғажап керемет,<br>Әсем есік ашылды.<br>Түрлі - түсті бояулар,<br>Аспанда жайылып шашылды | **Ояну**<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық. | **Ояну**<br>Көзіміздізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Қолмен көзді ұқалап<br>Созылыпбіралайық. | **Ояну**<br>Көзіміз ашылды<br>Ұйқымыз басылды<br>Дем алдық ұйықтадық<br>Шаттанып ойнайық. | **Ояну**<br>Оянайық балалар<br>Маған тезірек қарандар<br>Шапалақты ұрайық<br>Орнымыздан тұрайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұйқым шайдай ашылды | | | | |
| | **Ұйқыдан ояту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген** | | | | |
| Бесін ас 15.30-16.00 | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) 16.00-16.40 | **«Санау әні »**<br>Сандарды жаттаймын алақай,<br>Санаудың да келді кезегі.<br>1,2,3, балақай<br>Қайталаймыз асықпай.<br>1,2,3,4,5,6,7,8,9,10.<br>1-10 дейін мен<br>Санауды білемін<br>Енді керісінше әндетем,<br>Балалар, қосылыңдар.<br>10,9,8,7,6,5,4,3,2,1<br>1,2,3,4,5 тамаша<br>6,7,8,9,10-ла-ла-ла.<br>Мен ақылдымын бәрінен<br>Сен де сануды үйрен. | **Дид ойын: «Жетіспей тұрған санды орнына қой»**<br>**Шарты:** Берілген мысалдарды орындау.<br>  <br> | Құртақандардың қолындағы пішіндерді ата және шаршыны көрсет.<br> <br>**Дид ойын: «Тізбекті жалға»**<br>  <br> | **«Тапқыр болсаң, тауып көр»**<br>Шарты: Математикадан жұмбақ есептер шешу.<br>**1-Топқа тапсырма**<br>Бір алма берді анасы<br>«Аз» деп тұр оны баласы<br>Екеуін берді тағы да<br>Нешеу болды алмасы?<br>**2- топқа тапсырма**<br>Далада жүр төрт түйе<br>Қосылды тағы бір түйе<br>Жалпы саны түйенің<br>Болды, неше есепте?<br>**3 – топқа тапсырма**<br>Айманда болды 5 алмұрт<br>Әселге берді 2 алмұрт<br>Айманның қалды қолында<br>Есептеші неше алмұрт | **Дид ойын: « Сөз ойла, тез ойла »**<br>Шарты: бағдаршам, мысық, жолбарыс, құлпынай сөздеріне сөйлем құрау.<br>**Дид ойын:«Буындардан сөз құрау»**<br>1. Ұш 2. Тар. 3 Ал. 4. Са<br>- Осы сөзді қатыстырып сөйлем құрастыр. |
| Серуенге дайындық 17.00-17.30 | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | **Картотека**<br>Күзгі орманды бақылау | **Картотека**<br>Құстарды тамақтандыру | **Картотека**<br>Бұлттарды қарау | **Картотека**<br>Құстарды қарау | **Картотека**<br>Аяқжолмен танысу - тротуа |
| | **Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген** | | | | |
| Балалардың үйге | **Тәрбиеші:** | **Медбике:** | **Тәрбиеші:** | **Педагог-психологтың** | **Тәрбиеші:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қайтуы<br>17.30-18.30 | Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың денсаулығы жөнінде әңгімелесу. | Ата-аналармен балаға спорт, спорт құралдары туралы айтып, түсіндіру керектігі жөнінде әңгімелесу. | **кеңесі:**<br>Ата-аналарға баламен қандай спорттық ойын-дар ойнау керектігі жөнінде кеңес беру. | Балаларға спорт туралы тақпақ жаттату. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** «MDU Baqytty bala» балабақшасы

**Топ:** «Сәйгүлік» мектепалды топ

**Балалардың жасы:** 5жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 27.11– 01.12.2023ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 27.11.2023 | Сейсенбі 28.11.2023 | Сәрсенбі 29.11.2023 | Бейсенбі 30.11.2023 | Жұма 01.12.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау 08.00-08.30 | Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп, к**өңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.<br>Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу. отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу<br>Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Картотека**<br>**Қайсысы қайда тіршілік етеді**<br>**Мақсаты:** жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. | **Картотека**<br>**«Экологиялық бағдаршам»**<br>**Мақсаты:** Балаларды табиғат сұлулығын көріп, сезіне білуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. | **Картотека**<br>**«Әдемі гүл»**<br>**Ойынның мақсаты:** Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту | **Картотека**<br>**«Өз мекеніне орналастыр»**<br>**Мақсаты:** Үй жануарларын дала жануарларыннан ажырата білуге үйрету. Үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін білуге үйрету. | **Картотека**<br>**«Бұл қай мезгіл?»**<br>Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту. |
| | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | **Қараша айының 5 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.**<br>**Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас 08.30-09.00 | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау<br>Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.<br>Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз | | | | |
| Ұйымдасты рылған іс-әрекетке дайындық | Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>«Қайырлы таң!» деймін мен | Дос болайық, бәріміз,<br>Жарасып тұр әніміз.<br>Тыныштықты сақтаймыз,<br>Атсын күліп таңымыз. | Бір шаңырақ астында,<br>Тату –тәтті тұрамыз.<br>Бірге ішеміз асты да,<br>Бірге сайран құрамыз. | Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым<br>Арайлап атқан күнге. | Арайлап таң атты,<br>Күн шуағын шашты.<br>Сәлем күн, сәлем жер<br>Сәлем достар<br>Бәріміз бірге болайық. |
| Білімберуұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.-11.30 | **1..Математика**<br>**Тақырыбы:** Заттарды қалыңдығы бойынша салыстыру<br>**Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт.**<br>Буратино: Сәлеметсіздер ме, балалар! Балалар, осы жер «Ғажайып білім әлемі» ме?<br>Жоқ, Буратино, бұл жер – балабақша.<br>Буратино: Балалар, мен алтын кілтімді жоғалтып алдым, кім алып кеткенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Кілтімді іздеп келе жатып, жолда ақ тиінді көріп едім, кілтіңді «Ғажайып білім әлеміне» барсаң табасың деді. Мен «Ғажайып білім әлеміне» қалай барсам екен, баратын жолды таба алмай адасып, осы топқа кіріп кетіппін. Маған баратын жолды көрсетіп жібересіңдер ме?<br>(Балалардың жауаптары.)<br>- Олай болса балалар | **1. Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** С с дыбысы<br>**Психологиялық дайындық.**<br>Қуан, шаттан алақай,<br>Қуанатын күн бүгін<br>Қайырлы түн,қайрлы күн<br>Күліп шықты бүгін күн<br>**II. Ой қозғау.**<br>-Сауат ашу әлеміне саяхат-Дыбыстар нешеге бөлінеді? Қандай?<br>- .Дауысты дыбысты қалай білеміз?-Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>- Әріптен не құралады?<br>- Сөйлем қандай әріптен басталып жазылады?<br>- Сөйлемнің соңына не қойылады?<br>**Өткен дыбысты қайталау**.<br>**Дид ойын: «Сөз ойла, тез ойла»**<br>**Шарты:** Балалар «М» дыбысынан басталатын немесе сөз арасында «М» | **1. .Математика**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Тосын сәт**<br>Есік қағылып топқа төрт түрлі шарлар ұшып келеді. Осы кезде телефон шырылдайды.<br>Құрметті менің кішкентай білімді ізбасарларым, мен сендерге өзімнің түстер әлемінен шарлар ұшырып жібердім, ол шарлар жай шар емес сиқырлы шарлар, сол әр шардағы тапсырмаларды орындап маған түсіріп жіберіңдер. Бұл білім ханшайымы.<br>**Ой қозғау.**<br>Сұрақ- жауап.<br>-Біздің топқа ұшып келген шар нешеу, санаймыз<br>**1,2,3,4.**<br>Түстері қандай?<br>Сары,ақ, жасыл, қызыл<br>Бұл түстер нені білдіреді?<br>Осы түстер бойынша топқа бөлінеміз. | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Өсімдіктерге күтім жасау»**<br>**Психологиялық ахуал**<br>Өсеміз біз күліп-ойнап,<br>Он саусақтың саласындай,<br>Өсеміз біз күліп-ойнап,<br>Бір үйдің баласындай.<br>Бір-бірімзге қарап күлімдейік.<br>**Қызығушылықтарын арттыру:**<br>Адамдардың бәрі қызығады, Су құймасаң, сәні бұзылады.(Гүл)<br>**Ой дамыту**<br>**Көрнекілік«Гүл»**<br>Адамдар гүлдерді жақсы көреді. Олардың сұлулығы көңілді көтерді. Гүлдер ауаны тазартады. Бірақ қыста олар өспейді, сосын адамдардың көңілі түсіп қалатын болды. Сондықтан олар гүлдерді үйде отырғызып, оны күтетін | **1.Музыка**<br>Педагог жоспары бойынш<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Алыс – жақын.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт**<br>Есік қағылып топқа Дымбілмес сиқырлы сандықпен кіреді<br>Сәлеметсің бе, Дымбілмес!<br>Ал мынау қолыңдағы не?<br>Бізге сыйлық әкелдің бе?<br>**Дымбілмес**: Жоқ, бұл ма бұл (мұңаяды) Мен тек кәмпит жегенді, ойнағанды ұнатамын. Сабақ оқығым келмейді. Мына сандықтың аузын ашайын десем ашылмайды.<br>Дымбілмес бұл жай сандық емес, сиқырлы сандық. Бұл сандықтың аузы кілтпен емес, біліммен ашылады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Буратиноны ертіп, жол көрсетіп, «Ғажайып білім әлеміне» біз де саяхатқа шығып қайтайық. Саяхатқа шығамыз ба?<br>- Балалар, саяхат кезінде бізге әртүрлі қиындықтар кездеседі, сол қиындықтарды бірге жеңе білейік. Ол үшін бір-бірімізді сыйлап, тыңдауымыз керек. Балалар, қане, енді паровозға мініп, жолға шығайық.<br>**«Ғажайып білім әлеміне» саяхат.**<br>- Балалар, міне, біз 1-ші аялдамаға да келіп қалыппыз.<br>**Бірінші аялдама: Тиіннің аялдамасы**<br>- Балалар, мына ағашқа не болды?<br>- Бұл ағаш қай мезгілді бейнелейді?<br>- Тиін бізге жерге түскен жапырақтарды ретімен жина дейді.<br>- 1 – 5- ке дейін тура және кері санау.<br> <br> | дыбысы бар сөздерді айтады. Айтқан сөздерін буынға бөледі.<br>**III.Ой дамыту**<br>**Дид ойын: «Дәл тауып айт»**<br>Қыздар құлағына тағады — Сырға.<br>Қыздар қолына тағады — Сақина.<br>Уақытты көрсетеді — Сағат.<br>Сиырдан не алынады — Сүт.<br>Сызуға арналған құрал — Сызғыш.<br>Мектепте не оқимыз — Сабақ.<br>Кітаптарды қайда саламыз — Сөмке.<br>Кірді немен жуамыз – Сабын<br>Балалар шайнайды – Сағыз -<br>Балалар осы сөздердің барлығы қандай әріптен басталып тұр?<br>-Дұрыс айтасыңдар, С с.<br>Олай болса біз бүгін С с дыбысы мен әрпімен танысамыз.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**1-ші жұмбақты шешу**<br>Түсі суық ызғарлы<br>Аузында айыр тісі бар**(жылан)**<br>жылан қандай дыбыс шығарады? -С-С-С-С<br>-Олай болса «С с» дыбысы | Балалар, мына шар қай мезгілді бейнелейді? (сары шарды алу.)<br>**Балалар:** Күз мезгілін бейнелейді..<br>**Тәрбиеші:** Балалар, күз туралы кім тақпақ айтады?<br>Тақпақ<br>**Сары шарды жару.**<br>**1-топқа тапсырма :**<br>**Дид ойын: «Көңілді пойыз» Мақсаты:** 1 - ден 5 - ге дейінгі алған білімдерін бекіту.<br>Пойызға жолаушылар мінеді. Бірақ біздің бүгінгі жолаушыларымыз аңдар. Тапсырма, аңдарды ретімен өз вагондарына отырғызу керек. Паровозға артылған вагондар саны 5. Жолаушыларды тапсырманы дұрыс орындап, вагондарға отырғызайық.<br> <br>Әр аңда сандар жазылған, сол сандарға қарап вагондарына орырғызайық. Әр балала тақтаға шығып аңдарды вагонға отрғызады. | болды. Сөйтіп бөлме өсімдіктері пайда болды.<br>**Миға шабуыл**<br>Біздің бөлмемізде гүлдер бар ма?<br>- Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар?<br>- Гүлдердің түсі қандай?<br>- Гүлдердің дұрыс өсуі үшін не істейміз?<br>**Ой қозғау**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ**<br>**Дид ойын: «Сиқырлы себет»**<br>  <br><br>Себеттен сипап сезіп, заттарды алу. Гүлге суқұйғыш, сусепкіш, шағын күрек.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп-кішкентай ағаштар<br>Үп-үлкен болып өседі.<br>**2-топқа тапсырма.**<br>**Дид ойын. «Гүлді қалай күтеміз»** | Бұл – білім сандығы. Ал мына сандықтың үстіндегі хатты көрдің бе?<br>**Дымбілмес:** Ия, маған досымнан хат келді, жауабын шеше алмадым. Сендер маған көмектесесіңдер ме? Балалар көмектесеміз ба?<br>**Балалар:** Ия.<br>Олай болса, дымбілмеске көмектесейік!<br>**1-Тапсырма**<br>-Ал енді дымбілмес сен аюдың қалай жүретінін білесің бе?<br>-(Ия, қоянша секіреді)<br>-Балалар аю осылай жүре ме?<br>-Жоқ. Олай болса аюдың жүрісін салайықшы.<br>**Суретпен жұмыс**<br>-Балалар осы аюлардың көлемдері қандай? (үлкен, орташа, кішкентай)<br>-Балалар осы аюларға бал салып жейтін ыдыстарын табуға көмектесейік. (балалар тиістісін қояды)<br>Өте тамаша! Балалар сендер бұл ұғымды біледі екенсіңдер.<br>**2-Тапсырма**<br>**Дидактикалық ойын: «Ретін тап»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br><br>**Екінші аялдама:**<br>**Қасқырдың аялдамасы**<br>Мақсаты: Балаларды топтай білуге және оларды санай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>- Қасқырдың туған күніне арнап достар оған кітаптар сатып әкелді. Сол кітаптарды оған топтастыруға көмектесейік. Қалың кітаптарды қызыл сөреге, ал жұқа кітаптарды сары сөреге қоямыз. Сызық арқылы қос.<br> <br>Қалың жұқа туралы түсінік беру.<br>  <br>**Үшінші аялдама: «Бау-бақша» аялдамасы** | дауысты ма, дауыссыз ба? - «С с» дыбысы дауыссыз дыбыс, кедергіге ұшырап барып шығып тұр.<br>Балаларға суреттермен «С с» дыбысы туралы түсінік береді. -Балалар, «С с» дыбысы сөздің барлық буындарында (басында, ортасында, соңында) кездеседі. Мысалы: сүзбе, маса, троллейбус, автобус, Досымжан, Ерсұлтан, Диас, Сая, құс, сауысқан, саусақ,<br>**2-ші жұмбақты шешу.**<br>Тілі бетінде,<br>Сөзі шетінде **(сағат)**<br>Сағат сөзін буынға бөлу.<br>Сағат сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>Қортынды<br>Сұрақ –жауап<br>Балаларды мадақтау<br>**Денешынықтыру**<br>Педагог жетекшімен<br><br>**4. Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Гүлдер<br>**Миға шабуыл.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ:**<br>-Тегіс тасқа да,<br>Жұмсақ жерге де<br>Терең жайып тамырын<br>Жайқалып ол өседі. | 1 - вагон 1 піл<br>2 - вагон 2 аю<br>3 - вагон 3 қоян<br>4 - вагон 4 панда<br>5 - вагон 5 арыстан<br>Тапсырманы дұрыс орындаған балаларды мадақатау.<br>**2-топқа тапсырма:**<br>**Кеңістік ұғымын түсіну**<br>**Дид ойын: «Жол картасын бейнеле»**<br>Ағаш, күн,, тас, гүлдер, жол, мектеп, үйлер) т. б. суреттерді үстел үстіндегі жасыл матаға өздерінің орналасу реті бойынша балалар жапсырады.<br>**3-топқа тапсырма:**<br>**«Жылдам – баяу» сөздеріне түсінік беру.**<br>**Дид ойын: «Пальмаға кім бірінші жетеді?»**<br>Шарты: Қоян мен тасбақаның жылдамдығын салыстыру.<br> <br>– Сендер қалай ойлайсыңдар, не бірінші жетуі мүмкін?<br>–Неге қоян бірінші жетеді деп ойлайсыңдар?<br>**4-топқа тапсырма:** | <br>**Суретке өз ойын айту.**<br>Сурет арқылы гүлдің күту жолдарын айтады.<br>шүберек, су сепкіш, су бүркегіш, таяқша беріледі.<br>Тым көп су құюға болмайды.<br>Су бүркегішпен қатты сепсе, жапырақтары сынып қалуы мүмкін.<br>Гүлдің жанында жүгірме, ойнама, гүл құлауы мүмкін.<br>**3-топқа тапсырма**<br>**Дид ойын: «Гүлді құрастыр»**<br>**Сылдырмақ.**<br>**Балаларды шеңберге шақыру.**<br>Сұрақ –жауап<br>**Рефлексия**<br>Балаларды мадақтау.<br>Смайлктер беру<br><br>2.**Сауат ашу.**<br>**Тақырыбы:** Дауысты, дауыссыз дыбыстар<br>**II. Қызығушылықты ояту.**<br>«Сөздер мен дыбыстар» еліне шақырады.<br>**- Мынау елді дыбыстар** |  <br><br>Адасып қалған вагондарды ретімен орналастыру.<br>(1ден- 5 ке дейін)<br>Вагондардың артындағы логикалық сұрақтарға жауап беру.<br>Карточкамен жұмыс.<br>Заттар мен сандарды сәйкестендіру.<br> <br>**3-Тапсырма .**Пішіндерден аңдарға үйшік құрастыру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Оң қолымда 5 саусақ,<br>Сол қолымда 5 саусақ<br>5-ке 5- ті қосқанда<br>Болып шықты 10 саусақ<br><br>**4-Тапсырма** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Қане, балалар, бақшаға барайық. Алдымызда көлшік жатыр ғой, одан қалай өтеміз? Аяғымызды ластамай, батпаққа батпай, көлшіктен ақырындап, абайлап өту үшін не керек?<br>Көпір керек<br>Балалар, мына жерде таяқшалар жатыр екен, енді осы таяқшалардан көпір жасайық. Балалар, мына таяқшалардың қандай (жуан, жіңішке)?<br>(Балалардың жауаптары.) Енді осы түрлі-түсті таяқшалардан көпір жасайық.<br>(Балалар таяқшалардан көпір жасайды<br> <br>**Математикалық жұмбақтар.**<br>1.Қазда бар екі аяқ<br>Тауықта бар екі аяқ<br>Екеуін қосып санасақ<br>Болады сонда қанша аяқ ( 4)<br>2.Алма ағашында 5 алма өсіп тұрды. Жел соғып біреуі үзіліп түсті.<br>Қанша алма қалды. ( 4)<br>3.Ержан дүкеннен 3 сағыз | **Тосын сәт**<br>Есік қағып, бағбан кіріп келеді. Амандасу.<br>**Бағбан:**<br>-Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>-Мен бағбанмын. Балалар, мен гүлдерді өсіремін, суарамын, қопсытамын, гүлге су себемін, сүлгімен шаңын сүртемін. Осының барлығын бір сөзбен айтқанда мен гүлдердің әдемі болып өсуін қадағалаймын.<br>-Балалар сендер бүгін маған арнап гүл суреттерін салып берсеңдер, мен қуанып қалар едім.<br>Балалар: Жарайды.<br>**Тәрбиеші:**<br>-Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсыңдар?<br>-Ендеше үлгіге қарап гүлдің суреттерін салайық. Екі топқа бөлінеміз.<br>-Бағбан, бірінші топпен сурет салыңыз, мен екінші топпен бірге сурет саламын.<br>**Сурет салу әдісі:**<br>1.Ұнаған түсті таңдау.<br>2.Қағаздың ортасына қақпақпен гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салу.<br>3.Алақанмен гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру | **Диди ойын: «Тәулік бөліктері »**<br>Ойын шарты: Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу.<br>**Сергіту сәті**<br>Жолдарыңа үңіліп,<br>Екі бақа жүгіріп,<br>Секіреді, бақ - бақ,<br>Ағаштарды аттап.<br>Олар ерте тұрады,<br>Беті - қолын жуады.<br>Оңға - солға шайқалып,<br>Бақылдайды ән салып.<br>Судан шіркей табады,<br>Өсіп үлкен болады.<br>**2 шар.**<br>**Тәрбиеші:**Балалар,мына шар қай мезгілді бейнелейді?<br>Қыс мезгілін бейнелейді.<br>Қане, қыс туралы кім тақпақ айтады?<br>**Ақ шарды жару.**<br>Шарды жару,тапсырмасын орындау.<br>**Миға шабуыл:**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Шарты: Амалдарды 1топқа тапсырма:** | **мекендейді. Олар көрінбейді, бірақ оларды естуге болады. Дыбыстар ұзақтығы бойынша әртүрлі болады (қысқа, ұзақ, орташа ұзақ) және олар түрлі үйшіктерде тұрады: дауысты дыбыстар — қызыл, ал дауыссыз дыбыстар — көк үйшіктерде. Дауысты дыбыстар жеңіл айтылады және оларды әндетуге болады.**<br>**Дид ойын: «Көңілді тіл»**<br>**Тіл және тыныс алу гимнастикасы жүргізіледі.**<br>**«Жел соғады» (тілдің бұлшық етін белсендіру)**<br>**«Дыбыс», «дауысты», «дауыссыз» дыбыстар ұғымдары қалыптасады.**<br>«Әртістер» ойыны (а,о,у,ы,э дыбыстарын әндетіп айту)<br>Дауысты дыбыстар көңілді айтылады.<br>**«Не қандай дыбыс шығарады?»** ойыны (дауыссыз дыбыстарды айту). Дауыссыз дыбыстарды айту барысында ауа кедергіге ұшырайды. Жазу кезінде дұрыс отыру ережесімен таныстырады. Ұзын және қысқа таяқшаларды жазуға | **Математикалық жұмбақтар шешеміз.**<br>1.Бір алма берді анасы<br>«Аз» деп тұр оны баласы<br>Екеуін тағы беріп еді<br>Нешеу болды ойланшы.<br><br>2.Далада жүр төрт түйе<br>Қосылды тағы бір түйе<br>Жалпы саны түйенің<br>Болды, неше есепте?<br><br>3.Айманда болды 5 алмұрт<br>Әселге берді 2 алмұрт<br>Айманның қалды қолында<br>Неше алмұрт тез ойла<br><br>4.Далада тұр екі ешкі<br>Қорада тұр екі ешкі<br>Болды барлығы неше ешкі.<br><br>**Дымбілмес:** Ой, балалар, бұл тапсырманы жақсы орындадыңдар. Ақылды, білімді екенсіңдер.Мен сендердің көмектеріңнің арқасында көп нәрсені үйрендім.<br>-Балалар, қараңдаршы, тапсырманы дұрыс орындағандықтан сиқырлы сандықтың аузы ашылды. Ішінен сиқырлы сандар шығады.<br>**Дымбілмес:** Алақай, жарайсыңдар. Сендер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алды, жолда 1 — ін досына берді, Ермекте неше сағыз қалды?<br>**Сергіту сәті.**<br>**4-ші аялдама:** Дидактикалық ойын: «Кім жылдам, дұрыс құрастырады?»<br><br>Балалар тапсырманы орындайды.<br>**Буратино:** Алақай, алақай менің кілтім табылды.<br> <br>Балалар, қараңдаршы, біз алтын қақпаға да келіп қалыппыз. «Ғажайып білім әлемі» деген осы жер. | арқылы сурет салу.<br>4.Әрбір бейнеленген гүлдің суретіне мақталы таяқшамен сабағын суреттеу.<br>6.Кеспе қалдығынан жапырақтың ізін қалдыру. Сурет салуды аяқтау.**Сергіту сәті:**<br>Гүл болып өсеміз<br>Гүл болып ашыламыз<br>Гүл болып жайқаламыз<br>Гүл болып жабыламыз<br><br>**Бағбан:**<br>Бағбанға гүлдерді сыйлыққа беру. -Балалар сендермен сурет салған өте қызық, бірақ маған үйге бару керек. Гүлдерге су құятын уақыт жетіп қалды. Сау болыңдар, балалар!<br>**«Кім жылдам?»**<br>**Шарты:** Балалар екі топқа бөлініп,гүлдерді құрастырады.<br>**«Көбелектер»**<br>**Шарты:** Балалар «көбелектер» ұшты дегенде,ұшады. «гүлге қонды» дегенде гүлге қонады.<br>**Қортынды.**<br>-Балалар, сендерге ұіә ұнады ма?<br>-Балалар бізге қонаққа кім келді? |  <br> <br>**2-топқа тапсырма**<br> <br>  <br>**3-топқа тапсырма**<br>  <br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: М м дыбысы**<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Мұртын сипап тілімен<br>Бетін сусыз жуады | үйретеді.<br>«Жетпей тұрған суретті сал » боя<br>«Сөздер мен дыбыстар» елінде саяхат барысында не білгендері туралы қорытындылау<br>**Қорытынды.**<br>**Балаларға жақсы жұмыстары үшін алғыс білдіреді.**<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Тақырыбы**:«Шырша» өлеңі Е.Өтетілеуұлы<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Дид ойын: «Тапқыр болсаң, тауып көр»**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Тікен, тікен тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте.<br>Ол не?<br>**Ой қозғау.**<br>Есентай Ерботин «Шырша» өлеңін оқып түсінік беру,өлеңнің мазмұнын түсіндіре отырып, бір шумағын жаттату.<br>**Шырша**<br>Жасыл шырша төрдегі,<br>Дейді: «Бәрің көр мені!»<br>Кеткен әсем құлпырып,<br>Ойыншықтар тұр тұнып.<br>**Орталықтарға бөлу.**<br>**Әдебиет орталығы:** | менің сиқырлы сандығымның кілтін таптыңдар, сендер көп біледі екенсіңдер. Қанеки, ішінде не бар екен, ашып көрейік.<br>1ден -10 дейін сандарды тура және кері санау.<br>**Қорытынды.**<br>-Балалар, бүгінгі біздің оқу қызметімізге кім келді?<br>-Дымбілмес неге келді?<br>-Көмек сұрап келді.<br>-Дымбілмеске қандай тапсырмалар орындап көмектестік.<br>Өте жақсы, балалар , біз көптеген тапсырмаларды орындадық. Барлығыңызда жақсы қатысқандарың үшін жұлдызшамен марапаттаймын. .<br><br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Гүлдерге қамқор боламыз.**<br>**Ой дамыту.**<br>Балалардың назарын топтағы бөлме гүлдеріне аудару.<br>-Мыналар нелер?<br>-Дұрыс, бұл бөлме гүлдері. Бөлме өсімдіктері туралы сұрақ жауап.<br>**Дид ойын: «Қандай гүл?»**<br>Шарты: Қазір мен бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>«Ғажайып білім әлемі» бізге ең бастысы білім сыйлады. Біз бәріміз бірігіп, қызықты тапсырмалар орындадық, Буратиноға кілтін табуға көмектестік.<br>**Буратино:** Балалар, сендерге көп-көп рахмет. Сендер маған «Ғажайып білім әлеміне» баратын жолды көрсетіп, алтын кілтімді табуға көмектестіңдер, көптеген тапсырмалар орындадыңдар. Өмірде тек білімді емес, қайырымды балалар екендеріңді көрсеттіңдер. Буратино балалармен қоштасып кетеді.<br>Міне, балалар, Буратиноға көп көмек көрсеттіңдер. Кілтін табуға көмектестіңдер. Өздеріңнің ұшқыр ойларыңды , тапқырлықтарыңды, қиындықтан қорықпайтындарыңды көрсеттіңдер.Осымен «Ғажайып білім әлеміне» саяхатымыз аяқталды, енді өзіміздің тобымызға | Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Бақшадағы гүлдер»<br>**Ой дамыту. АҚТ технолог**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Балалар, мына суретке қараңдаршы<br>-Ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br>-Гүлдер нешеге бөлінеді?<br>-Гүлдің қандай пайдасы бар?<br>-Гүлдер адамдарға не сыйлайды?<br>Гүлдерді қалай күту керек білесіңдер ме?<br>-Гүлдер әдемі болып өсу үшін не керек?<br>- Енді осы суреттер арқылы өлең құрастырайық<br>Гүлдер, гүлдер шоқ гүлдер<br>Қызыл гүлдер,көк гүлдер<br>Бақшамызға сән бердің<br>Суарайын мен сені<br>**Көрнекілік.**<br>Гүлдің құрлысымен таныстыру.<br>  <br><br>**Дид ойын: "Гүлдерді түстеріне қарай ажырат"**<br>**Шарты:** Тақтадағы | Тышқанды аңдып түнімен<br>Көзі оттай<br>жанады.(МЫСЫҚ)<br>-Дұрыс балалар мысық сөзі М дыбысынан басталып тұр.<br>-Бүгін бізге қонақ М дыбысы келді.<br>**Ертегілер еліне саяхат**<br>**Мақта қыз бен мысық**<br>**1.Сиырдың тапсырмасы**<br>**а) Суреттегі атаулардың әрқайсысын шапалақ ұру арқылы буынға бөлу:** қам – шы, ма – ши – на, қа – лам<br>**М** сөздің басында, ортасында, соңында кездесетінін анықтау.<br>**Ағаштың тапсырмасы**<br>**ә) Үзік сызықтарды қосып, буындап оқыту:** ма,ма, мата, шам, мал, май,<br>**Қыздардың тапсырмасы**<br>**б) М әріпінен келетін сөз ойла.**<br>**Дүкеншінің тапсырмасы**<br>**Сергіту сәті:**<br>Үстіңде үйдің, тұр еді мысық,<br>Қасына келді,бір торғай ұшып<br>Бас салмақ болып,ыршыды мысық<br>Пыр етіп торғай жөнелді | Сұрақтар ілмегі<br>Шырша туралы сұрақтар қоя отырып, жауап алу.<br>**Дид ойын: «Шыршаны боя»**<br>Шарты: Суретті бояу.<br>**Үстел-үсті ойын орталығы:**<br>Құрлымдалған ойын: «Шыршаны құрастыр»<br>Шарты: Геометриялық пішіндерді пайдаланып, шырша құрастыру<br>**Қорытынды.**<br>Балалар, бүгін біз қандай өлеңмен таныстық?<br>-Шыршаның түсі қандай екен?<br>Отшашу әдісі арқылы қорытындылау.<br><br>**4.Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** «Топтағы гүлдер»<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Дид ойын «Кім тапқыр? (жұмбақ жасыру)**<br>Адамдардың бәрі қызығады,<br>Су құймасаң сәні бұзылады.<br>Бұл не? (гүл)<br>**ІІІ. Ой дамыту.**<br>Табиғат бұрышына саяхат.<br>-Гүлдерді бақылау<br>**Дид ойын: «Гүлдерге күтім»** | өсімдікті сипаттаймын, ал сендер қандай өсімдік екенін табыңдар<br>-Жапырақтары сопақша, үлкен, түсі қою жасыл.<br>Бұл қай өсімдік?<br>(Фикус гүлін көрсетеді)<br>**Ой қозғау**<br>Мнемокесте арқылы гүлдердің өсу жолдарын таныстыру.<br> <br>-Бүгін сендерді жаңа бөлме өсімдігі – хош иісті қазтамақпен таныстырамын.<br>**Сергіту сәті** .<br>Біз гүлдер ше өсеміз,<br>Жапырағы жайқалған,<br>Сабақтары салалы,<br>Жел күшімен шайқалған.<br>**Ой дамыту.**<br>Қазтамақ гүлімен таныстыру.<br>Қазтамақтың сабағы жасыл, шырынды, сабағының бойымен хош иіс беретін жапырақтары өседі Қазтамақ – дәрілік өсімдік . Одан дәрілік майлар жасалады . Хош |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оралайық.<br>**Қорытынды.**<br>- Балалар сендерге саяхат ұнады ма?<br>- Сендер саяхатқа қайда бардыңдар?<br>- Біздер кімге көмектестік?<br>- Өте жақсы, балалар. Мадақтау.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Бөлме гүлдері»<br>**Миға шабуыл.**<br>**Дид ойын: «Кім жылдам?»**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Адамдардың бәрі қызығады,<br>Су құймасаң сәні бұзылады.<br>Бұл не?<br>Жарайсыңдар, ендеше бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Таңғажайып сәт:**<br>( топқа Сайқымазақ келеді)<br>-Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>-Мен мына гүлді үлкен де, әдемі етіп өсіргім келеді, бірақ қалай өсетінін, қалай өсіру керек екенін білмей тұрмын, мүмкін сендер маған осы гүлді өсіруге көмектесесіңдер ме?<br>**Топқа бөлу.**<br>Мозайка гүл құрастыру арқылы топқа бөлу.<br>1-Топ . Қазтамақ тобы | гүлдердің сыңарын стол үстінен тауып қасына ілу.<br>**Сергіту сәті**:<br>Гүл өсірем үйде(жоғары қол көтереді)<br>Су құямын гүлге(қолмен су құяды)<br>Гүл күткенді біледі(тербеледі)<br>Бойын сылап күледі( бойын қолымен сыйпайды)<br>Күнде гүлін ашады<br>Жұпарын маған шашады(қолын желпейді)<br>**Дид ойын: «Гүлдерді топта»**<br>Шарты: Дала гүлдерін көк қыстырғышпен, бөлме гүлдерін қызыл қыстырғышпен қыстырып белгілеуді ұсыну.<br>**Қорытынды :**<br>Балалар біз бүгін не туралы әңгімелестік?<br>Егерде, көңіл-күйлері көтеріңкі болса, қызыл гүлді алуды, көңіл-күйлері болмай тұрса, көк гүлдерді таңдауды ұсынады.<br>Балаларды мадақтау. | ұшып<br>Биіктен жерге топ ете түсіп,<br>Мысықтың қалды жаңбасы ісіп.<br>**Тауықтың тапсырмасы в) «Сөз ойлап табу»** ойыны арқылы **май, мата, шам** сөздеріне дыбыстық, буындық талдау жасату<br>**тышқанмен ойын ұйымдастырған.**<br>**«Сөйлем құра»**<br>Талда алма өседі<br>Алмас алма жеді.<br>**Дид ойын: «Сөз айт,тез айт».**<br>Ойын шарты: кубикпен орындалады. Балалар бір-біріне кубикті лақтырып, «м» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.<br>**Қортынды.**<br>Сонымен, балалар, бүгін қандай дыбыспен таныстық?<br>- М дыбысы қандай дыбыс?<br>-Қандай сөздермен таныстық<br>  | Шарты: Гүлдердің жапырағын сүрту, су, құю,<br>**IV. Ой қозғау.**<br>-Неліктен біз бөлмеге гүл егеміз?<br>-Гүлдер әдемі өсу үшін не керек?<br>-Қандай күтім жасауымыз керек?<br>-Шаңбасқан гүл қандай болады?<br>-Гүлдер неде өсіп тұр?<br>-Неліктен жасыл,өз қалпын сақтап тұр?<br>-Кімдер күтім жасайды?<br>-Гүлдердің бізге қандай пайдасы бар?<br>**VI. Сылдырмақ үні.**<br>Шеңберге тұру.<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау. | иісі бөлмеге ұсақ шіркейлерді келтірмейді .<br>**Тыныс алу жаттығуы: «Гүлдердің хош иісі»**<br>-Балалар, қазтамақтың фикустан айырмашылығын қарастырайық .<br>-Фикус қандай күтімді қажет етеді?<br>Жапырақтарындағы шаңды немен сүртеді?<br>-Не үшін жапырақтардағы шаңды сүртеміз?<br>Жапырақтарды ауаны тазартады .<br>**Дид ойын: «Гүлдерді суарамыз»**<br>Шарты: Өсімдіктерді қалай суару керектігін көрсетеді..<br>Сұрақ –жауап әдісі арқылы іс – әрекетінде алған білімдері қорытындыланады.<br>Біз бүгін не туралы әңгімелестік?<br>Гүлдерге суды не үшін қуямыз?<br>Ал гүлдерді қалай күтуге болады?<br>Балаларды мадақтау<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Педагог жоспары бойынша** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | **Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.**<br>**отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | **Достық**<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттың баласы,<br>Достығымыз жарасқан<br>. | **Тақпақ жаттау.**<br>**Отан Е.Өтетілеуұлы**<br>Отан деген - Атамекен,<br>Отан деген - туған жер.<br>Отан - ана, Отан - үлкен,<br>Қазақстан - туған ел. | **Санамақ**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балан үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде – бесеуміз | **Отан**<br>Бақытты боп жүргенім<br>Сенің арқаң, Ұлы Отан.<br>Елім менің –тірегім,<br>Құшағында гүл атам.<br>Шығысыңнан арайлы,<br>Күліп атқан құба таң.<br>Сенен бақыт тарайды<br>Баршамызға Ұлы Отан. | **Туған өлкем .**<br>**ӨтебайТұрманжанов**<br>Көгінде күн нұрын төккен,<br>Жерінде гүл жұпар сепкен.<br>Неткен сұлу, неткен көркем!<br>Осы менің туған өлкем!<br>Алтын дәнді даласы бар,<br>Ақ күмістей қаласы бар.<br>Неткен сұлу, неткен көркем!<br>Осы менің туған өлкем! |
| Таңертенгі жаттығу | **Желтоқсан айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.**<br>**Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз | | | | |
| Таңғы ас<br>08.30-09.00 | **Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су,**<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ас дәмді болсын!»<br>Ас құрамымен таныстыру Бала үні. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Табиғат егіз адаммен<br>Ұқсастық табам содан мен<br>Мәңгілік болсын егіздер<br>Жер- ана, көл теңіздер. | Қол алысып, кәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру. | Достар бірге жүреміз<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз<br>Бірге балық аулаймыз.<br>Міне, біздер қандаймыз! | Орман, көлге, шыңға біз<br>Саяхатқа шығамыз.<br>Бөлінбейді іргеміз<br>Әрқашанда біргеміз! | Қуан ,шаттан алақай<br>Қуанатын күн келді<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн! |
| Білімберуұйымының кестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет<br>09.00-11.30 | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Менің Отаным.<br>**Миға шабул**<br>**Доп лақтыру арқылы сұрақ қою.**<br>-Балалар біздер Қандай Республикада тұрамыз?<br>- Отан деген не?<br>-Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>**Ширату әдісі**<br>Отан туралы өлең оқып беру.<br>**Отан. Ж Әбдірашев.**<br>«Отан - атам, Отан - әкем!»<br>Осы сөзім қате мекен?!<br>Қате болса,Неге біздер<br>Дейміз оны<br>«Атамекен?!»<br>«Отан - әжем, Отан – анам!»<br>Туған жер! деп,<br>Ол бекерге аталмаған.....<br>Атам, әжем, әкем, анам<br>Төртеуі де «Отан!» маған | **1.Дене шынықтыру**<br>Педагог жетекшімен<br><br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Ы ы дыбысы және әрпі<br>**Қызығушылықты ояту**.<br>Өлең жолдармен суреттерді көрсету.<br>Мына суретке қарайық,<br>Атын тауып алайық.<br>Осыларды бір сөзбен,<br>Жалпы атауын атайық.<br>Балалар ыдыстар сөзі қай дыбыстан басталып тұр?<br>**Ой қозғау**<br>**Жаңа тақырыпты ашу.**<br>-Ы дыбысын бірге атап көрейікші.<br>-Мынау ы дыбысының баспа түрі,ал мынау жазбаша түрі.<br>-Ы дыбысы дауысты ма,дауыссыз ба?<br>-Дауысты екенінін қайдан білдіңдер?<br>-Балалар дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді? | **1.Дене шынықтыру**<br>Педагог жетекшімен<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Отан жаттау Е. Өтетілеуұлы<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту.**<br>**Өлең оқу Ж. Тұрбеков. Туған елім**.<br>Туған өлке – кең далам,<br>Мәңгілік бақыт орнаған.<br>Сайраңдаймыз саяңда<br>Ерікті ұлан – біз балаң.<br>**ІІІ.Ой қозғау**<br>Ашық сұрақтар<br>Өлең не туралы айтылған?<br>Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз?<br>Біз қандай мемлекетте тұрамыз?<br>Біздің Отанымыз не?<br>ҚР рәміздерін ата ?<br>Оларға сипаттама беру<br>Астанамыз қалай аталады? Сендер қай | **1.Дене шынықтыру**<br>Педагог жетекшімен<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Туған өлке<br>**Қызығушылықты ояту**.<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>**Көгілдір экраннан саяхатшы шығады.**<br>Мен саяхат жетекшісімін<br>Мен сендердің туған жер , ауыл қала туралы не білетіндеріңді білгім келеді. Мен осылай барлық жерде саяхат жасап балалардың білімін тексеремін.<br>Менің тапсырмамады орындайтын болсаңдар үш рет қол соғыңдар.<br>Тапсырмаларды топқа бөліп орындау. Түрлі түсті шарлар арқылы топқа бөлу.<br>**Ой қозғау.**<br>**«Топтастыру»** | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Біз бақытты баламыз**<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту**.<br>Балаларға саяхат туралы хабарлау. Сұрақ-жауап<br>Саяхатқа немен шыққан ұнайды?<br>Автобус пен поездың айырмашылығы неде?<br>Автобуспен саяхатты таңдау<br>**«Достық аялдамасы»**<br>-Балалар сендерге жалғыз ойнаған немесе көппен ойнаған ұнай ма?-Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар?- Біз білетін достық ережесі қандай еді?<br>- жолдастарыңа көмектес.<br>-қолыңнан келген істі өзгеге үйрет.<br>**2. «Отбасы аялдамасы»**<br>**Ой дамыту**<br>**Суретпен жұмыс.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру.<br>**Дид ойын:«Өз мемлекетінің туынды тап»** (үстел үстінде әр мемлекеттердің тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемлекетінің туын табу керек)<br>**Сергіту сәті**.<br>Ал балалар тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жоғары-төмен қарайық.<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір секіріп алайық,<br>Секіріп-секіріп алайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Шарты: жүргізуші сұрақ қоя отырып, бір балаға допты лақтырады. Ол жауабын айтып допты қайтып лақтырады.<br>- Қазақстанның астанасы, қай қала?<br>- Астана.<br>- Қ. Республикасының президенті кім?<br>- Біз қай елде тұрамыз?<br>- Қ. Р.<br>-Сен қай облыста тұрасың? | -Дауысты дыбыстар қандай түспен белгіленеді?<br>-Дауыссыз дыбыстар қандай түспен белгіленеді?<br>**Сергіту сәті:**<br>**Ой дамыту**<br>**Дид ойын: «Сөз моншақ»**<br>Шарты: Ы дыбысынан келетін сөздер айту,оларды буынға бөлу<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ**<br>**«Қыс»:Ынтымақ** сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>**2-топ**<br>**«Көктем»:Ынтымақ** сөзін кеспе әріптерден құрау.<br>**3-топ**<br>**«Жаз»:Ынтымақ** туралы мақал- мәтел.<br>**4-топ «Күз»**: Буындарға сөз жалғау. Ыс...тық,Ты....мақ, та....мыр, Ты...қыр.<br>**2-тапсырма:**<br>**Дид ойын: «Топтастыр»**<br>Суретте Ы дыбысынан келетін сөздерді топтастыру<br>**«Ойлан-бірік-талқыла» әдісі**<br>**«Шапалақ»**<br><br>**3.Математика**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>-Балалар карандаршы мен | обылыста тұрасыңдар?<br>**Ой дамыту.**<br>**АКТ технологиясы.**<br>Слайд қарау**.**<br>Отан туралы тақпақ жаттау.<br>–Мағынасын түсіндіру.<br>Отан деген Атамекен<br>Отан деген-туған жер.<br>Отан –ана, Отан-үлкен<br>Қазақстан туған ел.<br>Отанды жас ,кәріміз де<br>Туған жер деп сүйеміз<br>Өйткені онда бәріміз де<br>Туып өмір сүреміз.<br>**Дид ойын: «Туған жерді гүлдендір»**<br>Шарты: Ортақ ағашқа тілек айтып гүлдер ілу.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Қорытынды.**<br><br>**3.Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** Менің отаным<br>**Мақсаты**:Отан туралы әңгіме құрастыра алады.<br>Балалар негізгі ойды дұрыс жеткізе отырып, мәтінді байланыстырып айтуды, мәтін мазмұнын дұрыс, рет-ретімен айтуды біледі.<br>**Оқу қызметінің барысы.**<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Арайлап таң атты, | **1-ші топ. тапсырма**<br>**Қызыл шар. Шарды жару**<br>Педагог жетекшілігімен ойын: «Бұл қай мезгіл?»<br>Қыс мезгілінің көрінісін мнемокесте арқылы айту<br>Сөздік жұмыс жүргізу.<br>**2-топ. тапсырма.**<br>**Жасыл шарды жару.**<br>-Құрлымдалған ойын: «Кім жылдам?» Құрастыру<br>Ауыл суреттері.<br>**Ашық сұрақтар**<br>-Суретте не көріп тұрсың?<br>-Балалар не істеп жүр?<br>-Қандай малдарды көріп тұрсыңдар?<br>**Сергіту сәті:**<br>Төскейден жел еседі,<br>Төбемнен бұлт көшеді,<br>Туған жерім мен үшін,<br>Көк майсасын төседі.<br>(қимылмен көрсету)<br>**3 –топ тапсырма.**<br>**Көк шарды жару.**<br>Ойлау қабілеттерін арттыру<br>**Дид ойын: «Сипатта»**<br>**Шарты:** Туған жер туралы суретке әңгіме құрау.<br>**4-топ тапсырма.**<br>**Сары шарды жару.**<br>**Туған жер туралы тақпақ**<br>Өтебай Тұрманжанов<br>Көгінде күн нұрын төккен,<br>Жерінде гүл жұпар сепкен. | - Балалар отбасы деген не?<br>- Ең алдымен отбасында не болуы керек?<br>Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек<br>-Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек.<br>**3. «Бақыт аялдамасы»**<br>Міне, балалар соңғы аялдамаға да келіп жеттік. Яғни, біз бақыт аялдамасында тұрмыз. Біздің ата-анамыз жанымызда, қасымызда достарымыз бар, көңіліміз көтеріңкі, бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз.<br>**Бекіту кезеңі:** (алдын ала жүргізілген жұмыс)<br>**Бәрі бірге**<br>Бейбіт елдің ұланы,<br>Оттай лаулап жанамыз.<br>Бұл бақыттың ұраны,<br>Біз бақытты баламыз.<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>Мемлекеттік Гимн айту<br>**Сергіту сәті.**<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар болып иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп.<br>Қазақ үйді құрамыз.<br>**Ұлттық ойын**.«Хан талапай» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Көшеңнің атын айт<br>-Балабқша қалай аталады?<br>-Бәйтерек қай қалада орналасқан? Т.б<br>**Балаларды мадақтау.**<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап арқылы қорытынды жасау.<br><br>**2.Математика**<br>**Тақырыбы:**Кеңістікті бағдарлау.Жоғарыда – төменде, сол жағында – оң жағында. Шаршы<br>**Мақсаты:**Кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында, ортасында) туралы ұғымдарды біледі.<br>**Оқу қызметінің барысы.**<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбер.**<br>Армысың, шапағатты,<br>Күн ана<br>Армысың қайырымды,<br>Аспан ана<br>Армысың мейірімді, Жер ана<br>Армысың менің достарым.<br>-Балалар, қанеки, есімізге түсірейікші жылдың неше мезгілі бар? | жолда мына әдемы сандықты тауып алдым , кәне ашып ішінде не бар екенін көрейық.<br>(Сандықты ашып қарағанда онын ішінде геометриялық пішін болады.)<br>-Балалар қарандаршы мынау қандай геометриялық пішін? Ия,дұрыс бұл пішін шаршы деп аталады.<br>Балалар шаршынын артында бізге тапсырма берілген соны біз орындауымыз керек. Тапсырманы орындамас бұрын біз саусақ жаттығуын жасап алайық.<br>**«Бес саусақ»**<br>Енді екі топқа бөлініп өз тапсырмаларымызды орындайық:<br>**1-топ** мына сандарды 1-ден 10 ға дейінгі сандарды рет-ретімен қатарға қойып шығу<br>**2-топ** Алмалар мен саңырауқұлақтарды санап, оларды теңестіруді тапсыру<br>Балаларды мадақтау.<br>Жұлдызша беру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жаттығуды жасаймыз!<br>Бір дегенде-тік тұрамыз,<br>Екі дегенде- екі рет айналамыз.<br>Үш дегенде -үш рет секіреміз, | Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Балалардан жыл мезгілін,ай атын ,апта күнді сұрау.<br>**Топқа бөлу.**<br>«Тапқыштар»<br>«Шешендер»<br>**2-топқа сұрақтар қою.**<br>**Қай топ тез жауап береді.**<br>1. Біз қандай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз?<br>2. Осындай кең байтақ еліміз бен жерімізді кім басқарып отыр?<br>3. Қазақстанның Елордасы қай қала?<br>4. Біздің тұратын жеріміз қалай аталады?<br>5. Біздің балабақшамыз қалай аталады?<br>6. Еліміздің рәміздерін атаңдар.<br>Балаларды мадақтау.<br>Жауап берген топқа көңілді смайлктер беру.<br>**1-топ «Тілшілер» тобы:**<br>Рәміздерді сипаттап беріңдер.<br>**2-топ «Шешендер» тобы:**<br><br>**4.Музыка**<br>Педагог жоспарымен | Неткен сұлу, неткен көркем!<br>Осы менің туған өлкем!<br>**Дид ойын: «Сылдырмақ үні»**<br>Шарты: Қойылған сұрақтарға толық жауап беру.<br>**Шеңберге жиналу.**<br>**Ой қозғау**<br>-Туған жер деген не?<br>-Біздің туған жеріміз қандай?<br>Жақсы сөздер айтқанда шапалақтау.<br>Саяхатшы мадақтау, қоштасу.<br>**Рефлекция**<br>Балаларды мадақтау.<br>Смайлктер беру.<br><br>**3.Математика негіздері**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Қолына шар ұстаған қоян келеді.**<br>Балалармен амандасады. Балалар, мен сендерге құр қол келген жоқпын<br>Мына шарларды ала келдім.<br>**Мұнда тапсырмалар бар.**<br>- Бір жылда неше мезгіл бар?<br>- Төрт мезгіл. Кәне, атап | **Суретпен жұмыс.**<br>**2 топ** Отан туралы суретке қарап әңгімелп береді.<br>Мадақтау<br>Көңілді смайлктер беру.<br>**Қорытынды.**<br>2 топтың көңілді смайлктерін санау.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Тілек шоғы.**<br>Балалар кішкентай жүрекшелерді жер шарына тілек айтып жапсырады<br>1. Еліміз аман болсын!<br>2. Әр қашан күн күлім деп тұрсын!<br>3. Көк туымыз биік болсын!<br>4. Аспанымыз ашық болсын!<br><br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: Ж ж дыбысы және әрпі**<br>**Психологиялық дайындық**<br>«Қайырлы күн» деп айтамыз,<br>Түсте бірге қайтамыз.<br>Отбасының гүліміз,<br>Көңілді өтер күніміз.<br>**II. Өткен үіә пысықтау.**<br>**Сұрақ -жауап**<br>**III. Қызығушылықты ояту**<br>үнтаспадан араның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Жыл мезгілдерін атаңдаршы.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Аптаның қай күні?<br>Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>**«Цифрды тап» дидактикалық жаттығуы.**<br>Үстелге 1-ден 4-ге дейінгі сандарды орналастыру..<br>Содан соң балаларды кезек-кезек тақтаға шақырып сандарды алып, ретімен қою керек.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Өлең оқу.**<br>Аппақ,аппақ,жапалақтап,<br>Қар жауады тынбастан.<br>Қалың орман қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>-Балалар, өлеңде не туралы айтылады?<br>Балалар мұқият тыңдайды және сұраққа жауап береді:<br>Қар туралы.<br>Балаларды мадақтау.<br>Балалар қардың артында тапсымалар бар екен,орындаймыз ба?<br>**1-тапсырма**: Қағаздың жоғарысына дөңгелекті, | Төрт дегенде- отырамыз.<br><br>**1-топ "Кім зейінді" дидактикалық ойыны:**<br>**Мақсаты:** Алыс- жақын ұғымдарын ажырата алуға үйрету.<br> <br>-<br>**2-топ Адасқан сандар.**<br>**Шарты:** Тақтаға шығып сандарды ретімен қою.<br>Балаларды мадақтау.<br>Жұлдызша беру.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Балаларға мынадай тапсырма беру:<br>Барлық үлкен шаршыларды төменгі жолаққа, ал кішкентайларын жоғарғы жолаққа қойып шығуларың керек. Бірақ олардың саны тең екендігі көрініп тұратындай болсын.<br>Әр баладан әр жолақта неше шаршы бар екенін сұрау<br>**Қорытынды:**<br>Балалар қәне маған жақындау тұрыңдар, енді алысырақ барып тұруын сұраймын. Содан соң, өздерінен алыс және жақын | | шығайық... (қыс, көктем, күз, жаз)<br>Бұл шарлардың түсі де сол төрт мезгілді белгілейді.<br>Мына шардың түсі қандай?(ақ)<br>- Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?<br>Балалардың жауаптары.<br>Сары шарды көрсету<br>Бұл түс қандай жыл мезгілін білдіреді.(күз)<br>Балалардың жауаптары.<br>Жасыл шарды көрсету.<br>Балалардың жауаптары.<br>Қызыл шарды көрсету.<br>- Қызыл түс қандай жыл мезгілін білдіреді.?<br>Балалардың жауаптары.<br>- Балалар, түстерін білді екенісіңдер, енді сиқырлы шардың ішінде не бар екенін білгілерің келе ме?<br>Кәне, шарды кім жарады.<br>Бір бала шығып шарды жарады, Балалар, бізге тапсырмалар берілген, осы тапсырманы дұрыс орындайық.<br>**1-тапсырма.**«Сан тастамақ» ойыны.<br>1-ден 10ға дейін тура және кері санау<br>**2-тапсырма** . Суретпен жұмыс. «Үйдің жанында не орналасқан» | дыбысталуын тыңдату.<br>Ненің дыбысын естідіңдер?<br>Ал , балалар, ара сияқты дыбыстайықшы . – Ж ЖЖ<br>Олайболса, бүгінгітанысатынжаңадыбысымыз Ж ждыбысы мен әрпі.Ж дыбысынбәрімізхорменайтайық.<br>Созылпайтұғакеле ме? (жоқ)<br>Ендешебұлқандайдыбыс? (дауыссыз)<br>Ж дыбысыныңбаспажәнежазбашатүріментанысайық!<br>**III. Ой дамыту.**<br>Балалар таяқшалардан Ж әрпін құрастырады.<br>Ж ж дыбысының таңбасы қандай жәндіккке ұқсайды? ( көбелекке)<br>« Көбелектер неге гүлгеқонады?»<br>**IV. Ой қозғау.**<br>«Үш көбелек» ертегісін түсіндіру.<br>Ертегі барысында көбелектер әр түрлі кедергілерге ұшырайды. Сол кедергілерден өту үшін әр түрлі тапсырмаларды орындау қажет..<br>**Лала гүлі Слайд**<br>**Дид ойын: «Мені тауып** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төменіне ұшбұрышты, оң жақ бұрышына шаршыны,сол жақ бұрышына сопақшаны орналастырыңдар.<br>Балаларды мадақтау.<br>**2-тапсырма** :«Топтағы заттардың қайсысының төрт бұрышы бар?» Кім тез айтады?<br>Балаларды мадақтау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымды бес саусақ<br>Қосссақ егер екеуін<br>Болады екен он саусақ.<br>**3-тапсырма.«Сөредегі ойыншықтар»**<br>ойыншықтардың қай жерде орналасқанын айтады.<br>-Қане, доп қай жерде тұр?<br>-Ол ненің қасында тұр?<br>Неден жоғары, неден төмен, қай заттардың ортасында тұр? т,б<br>Балаларды мадақтау.<br>**4-тапсырма.**<br>Дидактикалық ойын: «Қандай пішінге ұқсайды?»<br> | тұрған заттарды атап берулерін сұраймын.<br>Жарайсыңдар,балалар!<br>**Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.**<br>-Қандай тапсырма орындадыңдар?<br>-Тапсырма қиын болды ма?<br>Балаларды мадақтау.<br>Тапсырмаларды жақсы орындағандарын айту.<br>Жұлдызшаларын санау.<br><br>**4.Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** Менің елім – Қазақстан<br>**Ой қозғау**<br>**«Доп лақтыру»**<br>арқылы жыл мезгілін апта күнін сұрау<br>Үнтаспадан гимн тыңдату.<br>Балалар орнынан тұрып бірге қайталайды.<br>**Ашық сұрақтар**<br>Балалар не тыңдадыңдар?<br>Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>Қазақстанның бас қаласы қай қала?<br>Біздің еліміздің президенті кім?<br>Балаларды мадақтау.<br>**Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Рәміздер суретін көрсету. | | <br>**3-тапсырма.**<br>Бос орынға тиісті пішінді сал.<br>  <br>**«Көршісін тап» 1 3 5 8**<br>**Сергіту сәті.**<br>Оң қолымда 5 саусақ<br>Сол қолымда бес саусақ<br>Бесті беске қосқанда<br>Болып қалды 10 саусақ<br>**4-тапсырма.** «Орнын тап», «Кім жылдам» деген ойындар ұсынылады.<br>Балаларға 10 ға дейін сандар беріп, тез ретімен орнын табу керек.<br>**Қорытынды.**<br>Қоян балаларға тапсырмаларды жақсы орындағандарын айтып, жұлдызша береді.<br>Балалармен қоштасады.<br>Жарайсыңдар!<br>Балаларды мадақтау. | **көр»**<br>Шарты: суреттегі заттардың атауларын атап, ж дыбысынан басталатын және ж дыбысы ортасында, аяғында кездесетін заттарды атайды.<br>Бұл тапсырмадан ж дыбысының сөз басында , ортасында, аяғында келетіндігін түсіндіру.<br>Блум<br>**Қызыл қызғалдақ .**<br>**Педагог жетекшілігмен ойын:**<br>**«Қай буын артық?» слайд**<br>Шарты: тапсырмада бірнеше буындар беріледі. Сол буындардан сөз құрайды. Артық буынды айтады. Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>- жы - нал - лан - дыз -жұл - зыл<br>**Сары раушан.**<br>**Дид ойын: «Гүл құрастыру»**<br>Шарты: Берілген суреттерден гүлдерді құрастырып,сол суреттегі заттың атын атап, сөйлем құрастыруы керек. Әр сөйлемде неше сөз барын анықтау.<br>**Күн. Дид ойын:« Кім тапқыр?» ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сұрақтар қою.<br>- Қай сурет дөңгелекке ұқсайды?<br>- Шырша қандай пішінге ұқсайды? т.б<br>**«Ойланайық шапшаңырақ»әдісі**<br>Топтарға әр – түрлі тапсырма беріледі.<br>1 – топ. Ағаштардың биіктігін өлшейді<br>2 – топ Бұталардың биіктігін өлшейді<br>3 – топ Шөптердің биіктігін өлшейді.<br>Текшелер қою арқылы өлшейді<br>**Қорытынды.**<br>**Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.**<br>Балалар қандай тапсырмалар орындадық?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**3.Сауат ашу.**<br>**Тақырыбы:** «Жоғалған буын»<br>**Писхологиялық дайындық**<br>Жақсы көңіл күймен жақсы сөздер<br>**Тосын сәт.**<br>Топқа қуыршақтың келуі<br>Амандасу<br>-Балалар маған әдемі ат | Рәміздердің әр бөлігін талдату.<br>Ту,Елтаңба,Гимн<br>Балалар кейбір жаңадан келген балалар танығанымен толық білмеулері мүмкін таныстырып өтемін<br>**Сергіту сәті:**<br>Қазақстан үйіміз<br>Біз Отанның гүліміз<br>Желбірейді туымыз<br>Достық біздің жырымыз<br>**Дид ойын.«Доп лақтыру»**<br>Шарты:Әр сөздің сұрақтарына қарай жауап беру керек<br>Елтаңба – не бейнеленген? (шаңырақ,тұлпар, Қазақстан, егін, жұлдыз)<br>Ту – қандай? (көгілдір, төртбұрышты, әдемі, белгілі)<br>Әнұран – не істейді? (шырқайды, айтады, жаттайды)<br>.Қорытынды.<br><br>. | | | **Жұмбақтар шешу слайд**<br>Күндіз бәрі қашады,<br>Түнде аспанды басады**.(жұлдыз)**<br>Ішіне тамақ салынған,<br>Есігі тастай жабылған**.(жұмыртқа)**<br>Жерден шығар көгеріп,<br>Беліне қылыш байланып**.(жүгері)**<br>**Релаксация. Музыкамен**<br>**Ой түйін**<br>Күн жылуын беріп көбелектердің қанаттарын кептіреді. Қуанған көбелектер гүлден гүлге ұшып-қонып билейді. Бұл ертегіден көбелектердің айырылмас достығын көрдік.<br>Достық тақырыбында қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?<br>1.Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды.<br>2.Досыңа өтірік айтпа.<br>**V Қорытындылау.**<br>**Балалардымадақтау.**<br><br>**3.Сурет**<br>**Тақырыбы:** «Бәйтерек»<br>**Ой дамыту. Әңгімелесу.**<br>Балаларға «Байтерек» туралы аңызды айтып беру.<br>**Топқа бөлу.**<br>Байтерек мүсіндеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойып беріңдерші Сендермен дос болғым келеді.<br>**Ой дамыту.**<br>Қуыршаққа ат қою<br>Сара деп қойсақ қайтеді.<br>Сараны отырғызу.<br>- Сара сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік. Са - ра.<br>- Бірінші буынын кім айтады?<br>- Бірінші буыны Са.<br>- Екінші буыны - ра.<br>- Дұрыс. Екі буыннан тұрады. Себебіекі дауысты дыбысы бар. Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады.<br>**Балаларды екі топқа бөлу.**<br>**Дид ойын: «Жоғалған буын».**<br>**Ойынның шарты:** жылдам ойлап, келесі буынды табу.<br>- Мен бірінші буынды көрсетемін, сендер жоғалған буынды табасыңдар.<br>Үй, -, бө - - не, қар -, сауыс -, тыр -,кө -, тор -, бүр -.<br>Ойын соңында жеңімпаз топқа түрлі- түсті | | | | **1-топ** ермексаздан байтерек мүсіндейді.<br>**2-топ** картон қағазын бетіне ермексазды байтеректі мүсіндейді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Кәне, балалар, тұрамыз,<br>Бойымызды жазамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып аламыз.<br>Балалардың жұмысын бақылау.<br>Жеке көмек.<br>**Балалардың жұмысын қорытындылау.**<br>Көрме ұйымдастыру.<br>Жұлдызша тарату арқылы балаларды мадақтау<br><br>**4.Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша**<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**<br>«Елтаңбасы елімнің» өлеңі Сұлтан Қалиев<br>**Психологиялық сәт**<br>«Жүрек жылуы»<br>**Ой қозғау.**<br>Отан деген не?<br>- Отан деген сөзді қалай түсінесің?<br>Ал біздің Отанымыздың бас қаласы қалай аталады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалауша беріледі.<br>**IV. Сергіту сәті:**<br>Қане, қане, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық,<br>Бишілерше бұралып,<br>Дөңгелене билейік,<br>Домбыраны қолға алып<br>Әжем айтқан ертегіні<br>Күйшілерше шертейік.<br>Әсем әуен сазымен<br>Өнерді біз жалғайық.<br>**Дид ойын: «Сөйлем құрастыр»**<br>Шарты: Сурет арқылы берілген буындарды сызық арқылы қосу.<br>**VI. Дыбыстық талдау. Текшемен жұмыс**<br>**1-топ** Сара сөзін текшемен жазу<br>**2-топ.** Сана сөзін текшемен жазу.<br>**VII. Буындардан сөз құрау.**<br>- Енді әуе шарларына жазылған буындардан сөз құрау: Ұ - зақ, көкек, қар - лы - ғаш, тор - ғай, тыр - на, боз - тор - ғай. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрау.<br>Ұзақ - жыл құсы. Торғай шырылдады. Тырна ұшып келді.<br>Буын туралы білімдерін | | | | Балалар, айтындаршы біздің Қазақстанның жері қандай?<br>рәмәздерін білесіңдер ме?<br>**Ой дамыту.**<br>АКТ технологиясы.<br>Әңгімелеу Отан туралы.<br>Жаңа тақырып.<br>«Елтаңбасы елімнің» өлеңдерін оқып,талдау<br>Елтаңбасы елімнің<br>Неткен әйбат, әдемі!<br>Тұнығындай көңілдің<br>Ортада – аспан әлемі.<br><br>Құт, береке – шаңырақ,<br>Орын алған ол төрден.<br>Қанатты кос арғымақ<br>Екі жақтан көмкерген.<br><br>Тәуелсіздік жолында<br>Талай-талай тер тамған.<br>Билігім – өз қолымда,<br>Еркіндігім – елтаңбам.<br>**Сергіту сәті.** Тік ұста бойынды,<br>Жоғары соз қолынды.<br>Соз қолынды тағыда,<br>Жеткіз, кәне аспанға.<br>**Дид ойын. “Өз туынды тауып ал**<br>**Қорытынды**.<br>Мақал мәтел<br>1. Отан оттан да ыстық.<br>2. Туған жердей жер болмас, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тиянақтау.<br>**Қорытынды:**<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау.<br>**Рефлексия:** Не білдің? Не үйрендің? Балалар бүгін біздің іс-әрекетіміз қалай өткенін смайликтер арқылы көрсетіңдерші<br><br>**Қазақ тілі.**<br>**Тақырыбы:** Біз тұратын ауыл<br>**Ой қозғау.**<br>**Әңгімелесу.**<br>Балалар, бүгін мен сендерге туып өскен жеріміз, ауылымыз жайлы әңгімелесеміз.<br>Ал, балалар сендер қай ауылда тұрасыңдар ?<br>Көшелеріңізді аты қалай аталады?<br>Ауылда қандай ғимараттар бар?<br>Балалардың жауаптарын тыңдау.<br>Ал, балалар, енді мына бейне роликке назарларыңды аударыңдар.<br>**Ашық сұрақтар**<br>**АКТ технологиясы.**<br>Мына бейне роликте сендер нені көрдіңдер?<br>Балалар, көрдіңдер ме | | | | Туған елдей ел болмас.<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біздің ауылымыз көптеген үйлер мен әдемі ғимараттар мен көркейді. Бұның бәрін бізге кімдер салып береді?<br>**Сергіту сәті.**<br>Қара жорға әні мен бой сергіту.<br>**Шығармашылық орталықта жұмыс.**<br>Балаларға ауылдың табиғатының суретін салдыру.<br>Балаларды мадақтау.<br>Қорытынды.<br>**Дид ойын.: «Біздің ауыл қандай?»** | | | | |
| Серуенге дайындық 11.30-11.40 | **Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.**<br>**Киіну:** Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру | | | | |
| Серуен: 11.40-12.30 | **Картотека № 7**<br>Қыстап қалатын құстарды бақылау. | **Картотека № 8**<br>Адамдардың қысқы еңбегі. | **Картотека № 9**<br>Шыршаны бақылау. | **Картотека № 12**<br>Бұлтты бақылау. | **Картотека № 13**<br>Күнді бақылау. |
| | **Қысқы серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.** | | | | |
| Серуеннен оралу 12.30-12.40 | Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас 12.40-13.10 | **ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз** | | | | |
| Ұйқы 13.10-15.10 | **Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары 15.10-15.30 | **№9**<br>Ұйқыдан біз тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Анда- мында созылып<br>Тарқасайық, тұрайық | **№11**<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Самал жел бізге желпісін,<br>Ұйқымызды ашайық | **№ 15**<br>Ұйқымызды ашайық<br>Қолымызды созайық<br>Енді қане бәріміз,<br>Жаттығуды жасайық. | **№20**<br>Кел балалар тұрайық,<br>Қолымызды жоғары созайық.<br>Еңкейеміз еденге,<br>арқамызды тік ұстап,<br>Бір демалып алайық. | **№ 21**<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді, |
| | **Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген** | | | | |
| Бесін ас 15.30-16.00 | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.40 | **Дид ойын:**<br>**«Жыл мезгілдері»**<br>**Ресурстар:** Жыл мезгілдері көрсетілген суреттер, майда қима суреттер .<br>**Жүргізілу барысы:** Дайын суреттерге әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін жапсыру немесе салу. | **Дид ойын:**<br>**«Әдемі өрнектер»**<br>**Ресурстар:**Геометриялық пішіндер, дайын өрнектер.<br>**Жүргізілу барысы:** Дайын өрнектерге қарап отырып, берілген геометриялық пішіндерден қағаз бетінде геометриялық пішіндерден өрнек құрастырады. | **Дид ойын: «Тиінге саңырауқұлақ сыйлаймыз»**<br>**Ресурстар:**Саңырауқұлақтар , себет<br>**Құрлым ойын:**<br>«Саңырауқұлақ жинау»<br>**Ойынның барысы:** Баланы шеңберге отырғызады бірнеше саңырауқұлақ себеттің ішінде болады. Балаларға саңырауқұлақ-тың қайда өсетінін, қайда болатынын түсіндіре отырып, ортаға екі баланы шығарып ойын ережесін түсіндіру. | **Дид ойын: «Сиқырлы түстер»**<br>**Ресурстар:**түрлі түсті карточкалар.<br>**Ойын барысы:**<br>балаларға түрлі-түсті квадраттар-мен карточкалар беру. Содан соң педагог бір сөз айтады, мысалы, қайың. Қара, ақ және жасыл төртбұрыштары бар балалар оларды өсіреді. | **Дид ойын: «Керемет орман»**<br>**Ресурстар:** бірдей қағаз парақтары, оған бірнеше ағаштар салынған және аяқталмаған, пішінделмеген кескіндер әр жерде орналасқан. Түрлі-түсті қарындаштар жиынтығы. |
| | **Шығармашылық дағдларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту картотекасынан** | | | | |
| Жеке баламен жұмыс | **Дид ойын: ««Пейзажды құрастыр»**<br>**Ойын барысы:** балаға белгілі | **Дид ойын: «Көңілді ноталар»** Музыка жетекшісімен бірлескен | **Дид ойын: «Көгалдағы әдемі гүлдер »**<br>**Ресурстар:** Жылы, суық | **Дид ойын: «Ойыншыққа суреттерді табыңыз»** | **Дид ойын: «Мүсіншілер»**<br>**Ресурстар:** Түсті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір маусымның (қыс, көктем, күз немесе қыс) пейзажын баспа суреттерінің жиынтығын құрастыруға шақырады, бала дәл осы маусымға сәйкес заттарды таңдап, өзінің білімінің көмегімен дұрыс композиция құруы керек | көңілді әуен ойындары. | түсті геометриялық пішіндер<br>**Ойынның барысы:**<br>Балалар тәрбиешіні нұсқау бойынша жылы түстер мен суық түстерден гүлдер бейнесін құрастырады. | **Ойын барысы:** Балаларға силуэт бейнеленген карточка-лар беріледі. Науада көлемді заттар: ойыншықтар, құрылыс материалы. Мұғалім әр силуэттің астына сәйкес формадағы затты орналастыруды ұсынады. Барлық ұяшықтарды толтыратын адам жеңіске жетеді. | картоннан жасалған үшбұрыштар, шеңберлер, квадраттар<br>**Ойынның шарты:**<br>Алдымен педагог балаларға осы фигуралар-дан әртүрлі заттарды қалай жасауға болатындығын көрсетеді (атап айтқанда, шеңберлерден аққала, үшбұрыштардан шырша, төртбұрыштардан пирамида, шеңберлерден моншақ және т.б.) |
| Серуенге дайындық 17.00-17.30 | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | **Картотека № 7**<br>Қыстап қалатын құстарды бақылау. | **Картотека № 8**<br>Адамдардың қысқы еңбегі. | **Картотека № 9**<br>Шыршаны бақылау. | **Картотека № 12**<br>Бұлтты бақылау. | **Картотека № 13**<br>Күнді бақылау. |
| | **Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы 17.30-18.30 | Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу | Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу. | Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. | Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу . Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. | Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу. Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** «MDU Baqytty bala» балабақшасы

**Топ:** «Сәйгүлік» мектепалды топ

**Балалардың жасы:** 5жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 18.12– 22.12.2023ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 18.12.2023 | Сейсенбі 19.12.2023 | Сәрсенбі 20.12.2023 | Бейсенбі 21.12.2023 | Жұма 22.12.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардық абылдау 08.00-08.30 | Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп, к**өңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | **Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу. отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | **Картотека №2 Дид ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда» Мақсаты:** Түстер туралы түсіне отырып, берілген тапсырманы топтай алады. | **Картотека №3 Дид ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты:** Балалар мезгілдердің атауларын атай алады. (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылауды біледі. | **Картотека №7 Дид ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты:** Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде түсінеді, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді біледі. | **Картотека № 5 Дид ойын: «Жануарларды өз мекеніне орналастыр» Мақсаты:** Үй жануарлары мен жабайы жануарлард ажырата алады. | **Картотека № 8 Дид ойын: «Бұл қандай құс?» Мақсаты:** белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеполарды ажырата алады. |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан** | | | | |
| Таңертенгі Жаттығу | **Желтоқсан айының 3 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз | | | | |
| Таңғы ас 08.30-09.00 | **Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су,** Мөлдір суға қолыңды жу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>«Ас дәмді болсын!»<br>Ас құрамымен таныстыру Бала үні. | | | | |
| Ұйымдасты рылған іс-әрекетке дайындық | Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға,<br>Ертемен ақ пейілмен:<br>"Қайырлы таң!"-деймін мен. | Біз ерекше баламыз<br>Айтқан тілді аламыз<br>Достарымды көргенде<br>Қуана қарсы аламыз. | Күн шуағын жинаймын.<br>Достарыма сыйлаймын.<br>Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі<br>Барлық бала саяласын. | Алақанды ашайық<br>Күн нұрын жасайық<br>Осы жылы лебізді<br>Бір бірімізге сыйлайық | Кел,балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді боп жүрейік! |
| Білімберуұй ымыныңкес тесібойынш аұйымдасты рылған іс-әрекет 09.00-11.30 | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Менің сүйікті теңіз жануарым»<br>**II. Ой қозғау.**<br>- Балалар, саяхатқа шығып әлемді шарлаған ұнай ма?<br>**Саяхатты хабарлау.**<br>- Олай болса бәріміз кемеге отырып теңізге саяхатқа шығуға дайындалайық.<br>Мен кеме капитаны боламын, ал сендер зерттеуші боласыңдар. Қане, өз орындарыңа жайғасыңдар.Ал балалар көңілімізді көтеріп ән салып барайық.<br>Алыс – алыс елдерге,<br>Орман, тоғай көлдерге<br>Саяхаттап барамыз<br>Теңіз түбін көруге<br>- Балалар қараңдаршы!<br>Белгісіз аралға келіппіз, жан-жағымызға қарайықшы, аралды толқыған су қоршап жатыр, енді осы аралға түсіп | **1.Денешынықтыру**<br>Педагог жетекшімен<br><br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Ұ ұ дыбысы және әрпі.<br>**Психологиялық дайындық:**<br>Сәлем деймін күнге мен,<br>Сәлем деймін мен саған.<br>Сәлем деймін апайға,<br>Қонақтарға мың сәлем.<br>**Өткен ұоқ пысықтау.**<br>- Қане, балалар біз өткен сабақты қандай дыбыспен таныстық: Ж дыбысымен<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>«Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерінің қонаққа келуі.–Әр кейіпкердің тапсырмасын орындау.<br>**4.Ой қозғау.**<br>**Бауырсақтың тапсырмасы** | **1.Денешынықтыру**<br>Педагог жетекшімен<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Құмды зерттеймін»**<br>**Миға шабуыл**<br>**Сұрақ-жауап.**<br>Балалар табиғат дегеніміз не? Табиғат екіге бөлінеді. Жанды жансыз<br>Қалай ойлайсыңдар тірі табиғатқа не жатады?<br>-Дұрыс адамдар, құстар,жануарлар. өсімдіктер,ағаштар<br>Яғни, көбиетін, қоректенетін, өсетіндер жанды табиғатқа жатады.<br>Ал жансыз табиғатқа не жатады?<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Жер бетінде жатады<br>Онымен ойнайсың<br>Әр түрлі мүсін жасайсың. | **1.Денешынықтыру**<br>Педагог жетекшімен<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** “Мұз астындағы ұйқы”ертегісі<br>**Миға шабуыл**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Суда оның өмірі,<br>Суда оның қорегі.(балық)<br>**Ой дамыту**<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>Балық туралы түсінік беру.<br>Сендер балық аулауға барғыларың келеді ме?<br>Ендеше көлге саяхат жасайық.<br>**Саяхатты хабарлау.**<br>Таза ауа жұтамыз.<br>Өзен көлді аралап<br>Балық аулап қайтамыз.<br>Міне балалар көлге келіп жеттік.<br>**Тосын сәт.** | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Мен және табиғат<br>**Ғажайып сәт:**<br>**Ақ көгершін ұшып келеді.**<br>Сәлеметсіз бе балалар?<br>Мені табиғат-ана жіберді.<br>Балалар мен балапандарыма асығып бара жатырмын сау болыңыздар! Бала үні.<br>**Табиғат ананың хатын оқу.**<br>Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар сендер «Өлі және тірі табиғатты» жайлы білесіңдер ме? Сендердің білімдеріңді тексергім келіп хат жолдадым, өзімде аз уақыттан соң барамын.<br>Табиғат ананың тапсырмасын орындау<br>**Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>- Балалар табиғат дегеніміз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрейік.<br>**Таңғажайып сәт**<br>**Сандықша тауып алу.**<br>- Бұл неғылған сандықша екен , ішінде не бар ,ашып көрейік. Қараңдар, балалар, сандықта кітап бар екен. Кітаптың іші толы жұмбақтар жауабын тауып көреміз бе?<br>**Миға шабуыл**<br>**Жұмбақты шешу:**<br>1. Суда өседі, өнеді,<br>Сыртқа шықса өледі. **(балық)**<br>2.Өзі алып кемедей,<br>Дауылдан ықпайды.<br>Су малып телегей,<br>Мұхиттан шықпайды. **(кит)**<br>3. Асты тас, үсті тас,<br>Ортасында жанды<br>бас.**(тасбақа)**<br>4. Адамдардың досы,<br>Сүйкімді де өзі.<br>Балыққа өзі жатпайды,<br>Бірақ сумен<br>ойнайды.**(дельфин)**<br>**Қызығушылықты ояту**.<br>Бәріміз көзімізді жұмып, теңіздің түбіне түсіп, көз алдымызға теңіз түбін елестетіп көрейік.<br>- Балалар, қараңдаршы, мынау кай теңіз жануары?<br>- Ия, дельфиндер кейде тұмсығымен соғып, акуланы да өлтіріп қоятын кездері болады. Аккуланың өзі де | **Дид ойын:**<br>**«Ең, алғыр бала»**<br>Шарты: тапсырманы дұрыс орындасақ, әдемі бір гүлдің бейнесін құрап шыға-сыдар. Гүлдің әр күлтеше-сінің астында суреттер берілген, сол суреттер-дің атауын атап, буынға бөліп күлтешені өз орнына орналастырасыңдар. Берілген тапсырманы дұрыс, әрі қатесіз орындасаңдар гүлдің бейнесін құрайсыңдар.<br>**Дид ойын. «Әріптер сөйлейді»**<br>**Ойынның шарты:** Бала өз әрпіне сөз ойлап айтады.<br>**5. Мағынаны тану.**<br>**Жаңа тақырып:Жұмбақ**<br>Ұя, ұлу, ұшақтың<br>Басын бастап беремін.<br>Құс, жұмыртқа, бұтақтың,<br>Ортасында келемін. **(Ұя)**<br>**«Ұ дыбысы мен әрпі»**<br>- Ээлектронды оқулықтан берілетін бейне сюжетті қарау..<br>- Міне, балалар сендер Ұ дыбысы туралы тамаша бір бейне сюжетке куә болдыңдар. – Сонымен балалар, Ұ дыбысы қандай дыбыс екен? дауысты дыбыс<br>Ұ дыбысына байланысты тапсырмаларды орындау. | **Құм**<br>**Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>**Балалар бүгін сендермен біз ғалымдар боламыз.**<br>Ал ғалымдар деген кім?<br>Дұрыс,бүгін сендермен құмның қассиетін зерттеуге барамыз.<br>Қазақстан еліміз шөлді далалар бар екен.<br>Ол жерде шөлге төзімді жануарлар ғана мекендейді. мысалы: түйе. кесіртке,құрт т.б<br>Балалар қарандаршы құмдар төбешіктер болып жатыр.<br>Қане біз алдымыздағы құмнан осындай төбешік жасап көрейік<br>Құммен жұмыс жасамай тұрып қауіпсіз ережесін еске түсірейік.<br>Ал құмды не үшінпайдалануғаболады?<br>Құрылыста,ыдысжасағанда ,шыны ,айна.балаларсендерғалымдар боласыңдар.<br>**Тәжрибе№1**<br>**1-нұсқа.** Ыдыстағы құмды тутікше арқылы үрлейміз.желдің әсерімен жылжып төбешіктерге айналады ия. | - көлдің арғы бетінде кімді көріп тұрсыңдар?балықшы атайды. Атайға бару үшін қандай көлік таңдаймыз?<br>-Дұрыс, кемені таңдаймыз<br>-Балықшы атайға келу<br>-Сәлеметсіңдер ме балалар?<br>Балалар балықшы атайдың қолында не бар?<br>Бұл қармақпен не істейді?<br>-Дұрыс балалар, балық аулайды.<br>Ал сендер де ұстап көргілерің келеді ме?<br>-Ендеше, менің сұрақтарыма жауап берсеңдер, мен сендерге қармағымды беремін.<br>**1- сұрақ:Табиғат нешеге бөлінеді?**<br>**2-сұрақ. Балық табиғаттың қай бөлігіне жатады?**<br>**Су ше?**<br>**Сергіту сәті**<br>Біз жүземіз оң жаққа,<br>Біз жүземіз сол жаққа,<br>Шоршимыз көл астында,<br>Ыршимыз көл бетінде<br>Тұңғиыққа батамыз,<br>Тәтті ұйқыға жатамыз<br>**Балықшы атай:** Балық туралы ертегі тыңдағыларың келе ме?<br>**Ертегі тыңдау.**<br>**Бұл ертегі** | не?<br>- Табиғат нешеге бөлінеді? Өлі және тірі табиғаттың бір-бірінен айырмашылығы неде? Сыни ойлау<br>**Ой қозғау**<br>**Дид ойын:**<br>**«Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»**<br>- Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу<br>- Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау<br>- Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту<br>- Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз?<br>- Құстарға қалай көмектесеміз?<br>**Ширату.«Құм, тас, су».**<br>«Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру.<br>«Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу.<br>Су дегенде толқын жасап қалу.<br>**Топқа Табиғат ана кіреді.**<br>**Топтық жұмыс**<br>**Дид ойын: «Өлі және тірі табиғат»**<br>Суреттен тірі табиғатты жасыл, өлі табиғатты қызылмен бояу<br>Сендердің қамқорлықтарыңызды көріп риза болып тұрмын.Өте ақылды балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дельфиннен қорқатын сәттері жиі кездеседі.<br>- Делфин туралы не білесіңдер?<br>- Дельфин эмоцияға толы көңілді, әзілкеш, топтасып өмір сүретін тіршілік иесі және өте ақылды, адамдардың досы.<br>- Аккуланың түрлері өте көп. Барлық теңіздер мен мұхиттарда кең тараған, оның көру қабілеті жақсы жетілмеген,ал иіс сезу қабілеті өте жақсы.<br>- Мынау теңізді мекендейтін қай жәндік?<br>- Балалар сегізаяқ су астында баяу қозғалады. Бір қызығы сегізаяқтың аузын жоғары қаратып, қармалауыштарын төмен салбыратса, ол дереу ұйқыға батады.<br>- Сегізаяқтар немен қоректенеді?<br>- Балалар, сендер өздеріңе таныс жануарлар мен жәндіктерді танып, атын атадыңдар.<br>- Су астында тағы да көптеген жәндіктер кездеседі - теңіз тасбақасы, теңіз аты, медуза, теңіз шаяны. Олар туралы келесі жолы танысамыз.<br>- Ал, балалар, сендер шаршаған шығарсыңдар, | **Дид ойын. «Орамал тастамақ»**<br>Орамалды алған бала Ұ дыбысы бар сөз айтады, ал келесі бала ол сөзден сөйлем құрайды.<br>**5.1.Қоянның тапсырмасы.**<br>**Дид ойын: «Қай дыбыстан басталады?»**<br>Бұл ойынның шарты берілген суреттерге қарай отырып, әріптер арқылы суретті сызу.<br> <br>**5.2. Аюдың тапсырмасы**<br>Сергіту сәтін жасаңдар.<br>**5.3. Қасқырдың тапсырмасы**<br>**Дид ойын: «Балықшы»**<br>**Шарты:** балалар аквариумнен магниттік кубиктерді қармақпен аулап алады да кубиктегі қандай әріп қандай дыбыс екенін тауып, сол әріпке сөйлем құрап әңгімелеу қажет.<br>**5.4. Ой толғаныс.**<br>**Түлкінің тапсырмасы:**<br>**Ой толғаныс.**<br>**Дид ойын: «Сөз ойла,тез ойла»**<br>Сөздерді пайдаланып сөйлем | **2-нұсқа.** Қасықтың көмегімен төбешік жасау.<br>Құм қандай?<br>Сусылдақ, жылжымалы.<br>**Тәжірибе №2**<br>Енді ылғалды құмды байқайық, құмды үрлеп көрейік үрленбейді. Жақын көрсететін шынымен қарап құмның пішіндерін анықтайық.<br>Енді ылғалды құмды байқайық олар бір-біріне жабысып пішіндер көрінбейді.құмның түсі қандай? Сары,ақшыл ,ал ылғалды құм қара түсті.<br>**Сергіту сәті:**<br>Күн болып жанайық<br>Мөлдір судай ағайық<br>Гүл болып жайнайық<br>Терең-терең домалап<br>Жүргіріп-жүгіріп алайық.<br>**Тәжірибе№3**<br>Енді стакандағы суға «воронка» қасықпен құм салайық,не байқадық тесіктен өтіп кетті су сияқты ия. Яғни құм сусымалы және ол суға батып кетті ,ол ауыр екенін байқадық<br>Жаппай бақылау.<br>**Ой қозғау.**<br>**Дид ойын: «Тілші»**<br>**Шарты:** Балаларға | **“Мұз астындағы ұйқы” деп аталады.**<br>Қыстың алғашқы аязынан кейін көлдің бетін айнадай жылтыр мұз басты. Мұз әлі жұқа болғанымен, күн сәулесін көлегейлеп, су асты күңгірт тартты. Бұрын мұндайды көрмеген жас сазандар су астының күңгірт тартқанына абыржып қалды. Мұны байқаған кәрі сазан түсіндіріп жатыр:<br>Жыл сайын осылай болады. Біраздан кейін мұздың үстін қар басады да, мүлде қараңғылық орнайды.<br>Міне балалар қазір балық-тар мұз астында ұйықтап жатыр.<br>Мен мына қармағымды сендерге сыйға беремін<br>Күн жылып, мұз ерігесін осы жерге келіңдер сол кезде балық аулап көресіңдер.<br>Балықшы атаймен қоштасу.<br>**Сау болыңдар**<br>**Саяхаттан қайту.**<br>Топқа келу.<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау | екенсіңдер. Табиғатты өте жақсы көреді екенсіңдер .<br>Мен сендерген сыйлық әкелдім. Ал ендеше мен өз табиғат әлеміне әрі қарай сапар шегейін сау болыңыздар.<br>Табиғат анамен қоштасу<br>**Шапалақ әдісі.**<br>**Рефлекция**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: Дыбыстар мен әріптер сыры**<br>**Ой дамыту.**<br>**1-тапсырма.**<br>Суретпен жұмыс.<br>**Дид ойын: «Әріптер сыры»**<br>Шарты:Берілген сұраққа жауапберіп,тапсырманыорындайды.<br>–Өзіңтұратын жератауының біріншіәрпін тауып көрсет.<br>Балаларкезекпенсұрақтарғажауапбереді<br>Әліпбигекарапдауыстыдыбыстардыата.<br>Өзаты-жөніңқандайәріптенбасталады?<br>**2-тапсырма.**<br>**Дид ойын: «Дыбыстық талдау»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойларымызды сергітіп, жаттығу жасап алайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Балық жүзді таза суда,<br>Бір керіліп, бір жиырылып.<br>Жүзіп, жүзіп шаршағанда,<br>Тығылады тасты құмға.<br>**Проблемалық сұрақ.**<br>- Балалар, ластанған суда тіршілік болады ма?<br>- Неге?<br>- Сен қалай ойлайсын? - деп бірнеше балаларға сұрақ қояды.<br>– Ал, олар сөйлей алса, бізге не айтады екен?<br>- Суды ластамаңдаршы.<br>- Суға қоқыс тастамаңдаршы<br>- Машиналарды келіп судың жағасына жумаңдаршы.<br>- Ау-қармақ дегенді бейберекет сала бермеңдерші.<br>- Бізге жиі қамқор болыңдаршы<br>- Табиғатты үнемі аялап күтіңіздерші.<br>Жарайсыңдар балалар! Енді осы саяхаттан<br>қандай әсер алдыңдар?<br>-Тамаша ондай болса, кемеге отырып балалабақшаға қайтайық.<br>**Қортынды**<br>- Саяхатымыз ұнады ма?<br>-Балықтар қайда мекендейді?<br>-Балықтар неше топқа | құрастыру, дыбыстық талдау жасау.<br>**IV. Қорытынды**. Сұрақ-жауап әдісімен:<br>Біз бүгін қандай дыбыспен таныстық?<br>Ұ дыбысы қандай дыбыс екен?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**3.Математика**<br>**Тақырыбы:** Заттарды салыстыру. Артық, кем туралы түсінік беру<br>**Топқа бөлу.**<br>Түрлі түсті түтікше таңдауды ұсыну. Ұзын, орташа, қысқа таяқшаларды анықтап, сол бойынша топқа бөлінеді.<br>1 – топ<br>2 – топ<br>3 – топ<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Орындық артындағы «Тосын сый»суреттерге назар аударту.<br>**Ширату**<br>- Ең бойы биік жануарды ата ?<br>- Ең бойы қысқасы қайсы?<br>- Бойы аласасы бар ма?<br>**Ұжымдық жұмыс.**<br>**«Ауадағы диалогтер» әдісі.**<br>Балалар заттарды ұзындығы | микрофонды беріп ұоқ алған білімдерін тексеру.<br>Сендерге сабақ ұнадыма?<br>Өз-өзін бағалау әдісімен қортындылау.<br>**Балаларды мадақтау**<br><br>**3.Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы**:<br>«Сумен тәжірибе жүргізу»<br>**Қызығушылықты ояту**.<br>Жұмбақ жасыру<br>Дәміде жоқ,түсі жоқ,<br>Пайдаланбас кісі жоқ. ( **СУ)**<br>**Ой дамыту**<br>-Су туралы түсінік беру.<br>-Сұрақ-жауап.<br>-Судың қандай пайдасы бар?<br>-Судың қасиеттері қандай?<br>- Адамдар суды не үшін пайдаланады?<br>(ішеді, жуынады)<br>- Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер)<br>-Су аға ма? Неліктен? Өйткені ол сұйық..<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Мойнымызды бұрайық.<br>Қолымызды созайық,<br>Су ішінде қалықтап,<br>Қәне, жүзіп алайық,<br>Оңға, солға бір қарап, | **3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Заттарды салыстыру. Артық, кем туралы түсінік беру<br>**Топқа бөлу.**<br>Түрлі түсті түтікше таңдауды ұсыну. Ұзын, орташа, қысқа таяқшаларды анықтап, сол бойынша топқа бөлінеді.<br>1 – топ<br>2 – топ<br>3 – топ<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Орындық артындағы «Тосын сый»суреттерге назар аударту.<br>**Ширату**<br>- Ең бойы биік жануарды ата ?<br>- Ең бойы қысқасы қайсы?<br>- Бойы аласасы бар ма?<br>**Ұжымдық жұмыс.**<br>**«Ауадағы диалогтер» әдісі.**<br>Балалар заттарды ұзындығы бойынша салыстырады.<br>Қай қарындаш ұзын?<br>Қайсысы қысқа?<br>-Жылан және жұлдызқұрт<br>-Қане қарайықшы қайсысы ұзын?<br>**Балаларды мадақтау.** | Шарты:Көкжәнеқызылшар шыларменталдау жасайды.<br>Суреттегілердіатайды:аққу,гүл,бұзау қонжық.Осысөздергедыбыстықталдаужасайды.<br>Балаларкөкжәнеқызылтүстіңненібілдіретінін естерінетүсіреді.<br>Сергітусәті<br>**3-тапсырма**<br>Екікиізүйдіңтүтінініңайырмашылығынтабады.<br>Дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетінін.<br>**4-тапсырма.**<br>**Дид ойын: «Орнын толықтыр»**<br>Метаграммалар оқу<br>Шарты:<br>Балаларәріптіңжасырынбөлігінтауыптолықтырады.<br>Әріптің дауысты әлде дауыссыз дыбысекенінажыратады.<br>Біріншікиізүйдіңтүтіненшыққанәріптердіжәне екіншікиізүйден шыққанәріптердідауыстапатайды<br>**Ой қозғау.**<br>Топпен жұмыс<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ**. **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br><br>Мөлдіреген сылдыр су<br>Сылдыр суға қолыңды жу.<br><br>**Кезекшілер жұмысы** ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, | **Гигиеналық шаралар:**<br>Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды<br><br>**Кезекшілер жұмысы:**<br>ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту | | **Гигиеналық шаралар:**<br>Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>Тазалық – денсаулық кепілі<br>Тазалық барлық жерде қажет:<br>Үйде, мектепте, жұмыста, Құрлықта да, суда да.<br><br>**Кезекшілер жұмысы:**ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **Гигиеналық шаралар:**<br>Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br><br>Тазалық – денсаулық кепілі<br>Тазалық барлық жерде қажет:<br>Үйде, мектепте, жұмыста, Құрлықта да, суда да.<br><br>**Кезекшілер жұмысы:**<br>ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)<br>Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | **Шаттық шеңбері**<br>Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысың, асыл күн,<br>Армысың, асыл жыр.<br>Армысың, көк аспан,<br>Армысың, достарым,<br>Жылуыңа жылу қос,<br>Міне менің қолым!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын кең ашқан.<br>Тілегіміз бейбіт күн.<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Күнге шаттана қараймыз.<br>Қуана қолымызды соғамыз,<br>Осылай күнге жылу шашамыз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Шаттық шеңбері**<br>Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Мектепке** | Дене шынықтыру | Көркем әдебиет | | Музыка | Сауат ашу негіздер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | (Спорт нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Сөйлеуді дамыту<br>Сауат ашу негіздері<br>математика негіздері<br>**«Үзік сызықтарды бастырып салу»**<br>**Мақсаты:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br><br>*(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет).*<br>**«Мың алғыс айтамыз! Көктемнің алғашқы күні туралы әңгіме жүргізу»**<br>**Мақсаты:**Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді | Қоршаған ортамен таныстыру<br>Жапсыру<br>**«Көрсу күніне арналған көрініс сахналау»**<br>**Мақсаты:**Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>*(көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет)*<br>**«Көктем мезгілі туралы әңгіме»**<br>**Мақсаты:** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен | | **Тақырыбы: «Үлкен – кішкентай»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұзақ қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Музыканың ритмін сезінуге баулу.<br>**1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.** Музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады.<br>Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ.<br>Баланың жүрісі – қысқа шапалақ.<br>**2. Музыка тыңдау**«Тұлпарым».<br>**3. Ән айту**«Қуыр-қуыр-қуырмаш»<br>Әннің мәтінін үйрету.<br>**4. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>**Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып | Математика негіздері<br>Сурет салу<br><br>**«Көктемнің алғашқы гүлін анамызға сыйлайық»**<br>**Мақсаты:**Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>*(сауат ашу негіздері-коммуникативтік қызмет)*<br>**«Кеңістікті бағдарлау»**<br>**Мақсаты:**Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br><br>(*математика негіздері-танымдық* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. *(сауат ашу негіздері коммуникативтік қызмет).*<br>**«Бағдаршамды орналастыр»**<br>**Мақсаты:**Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. *(математика негіздері-танымдық қызмет)* | таныстыру.<br>**(***қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік қызмет)*<br>**«Құстарға арналған ұя»**<br>**Мақсаты**:Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану(*жапсыру,сурет салу,мүсіндеу,құрастыру шығармашылық қызмет)*<br>**«Көктем»Мақсаты:**.Көктемге байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу.<br>Көктем келді, құс келді. | | жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Құрастыру<br>**«Алғыс айту»**<br>Мақсаты:Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. *Көркем әдебиет коммуникативтік қызмет)*<br>**«Көктемдегі алғашқы өсімдік»**<br>**Мақсаты:**Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды | *қызмет)*<br>**«Ұлттық киімдер»**<br>**Мақсаты:** Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. *(сурет салу,мүсіндеу.жапсыру,құрастыру шығармашылық қызмет)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *(қазақ тілі коммуникативтік қызмет)* | | ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.**(***қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік қызмет)*<br><br>**«Бәйшешек»**<br>**Мақсаты:** Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. (*құрастыру ,мүсіндеу,сурет салу.шығармашылық қызмет)*<br>**«Көктемдегі алғашқы ұшып келетін құс»**<br>**Мақсаты:** Құстардың қазақша атауларымен таныстыру.Құстарды танып дұрыс атау. Кейбір жыл құстары туралы қысқаша мәлімет беру.<br>*(қазақ тілі коммуникативтік қызмет)*<br>Дене шынықтыру (Спорт нұсқаушысының жоспары бойынша) | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ мотириканы дамыту)<br>- Сауат ашу негіздері<br>- Сөйлеуді дамыту | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Көркем әдебиет<br>- Дене шынықтыру<br>- Қоршаған ортамен таныстыру | | | | |
| **Серуен** | **Бақбақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімдерін толықтыру; табиғатты белсенді түрде қорғауға ұмтылуды қалыптастыру; балаларға табиғаттағы барлық өсімдіктердің маңызы барын түсіндіру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскені қоқыстан тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа күш-жігерін | **Велосипедті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Велосипед жайлы білімдерін кеңейту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (аумақты бұтақтар мен тастардан тазарту). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс дағдыларын дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді | | **Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. | **Құмырсқаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты арттыру.<br>**Зерттеу.** Бір жолды құммен жауып, құмырсқалар не істейтінін көру; екіншісін қантпен жауып, құмырсқалар оны қалай жинайтынын көру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** аумақты ескі жапырақтардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Жұптасып жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмсап жетуді үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Желден жылдам", "Кім жоғары?"(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Жүгіру жылдамдығын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту. | жылдам орындауға үйрету; белгілі бір бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Келесі кім?" ойын жаттығуы. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға допты қашықтыққа лақтыру дағдыларын жетілдіру. | | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жылан". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту. | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалу". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Жүгіру, секіру дағдыларын бекіту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Секірейік". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Сол және оң аяққа секіру қабілетін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>Мөлдіреген сылдыр су<br>Сылдыр суға қолыңды жу.<br>**Кезекшілердің жұмысы**: ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Ереже:<br>Ас ішерде бір бірімізге жылы сөз айтып,арқаны дұрыс ұстап тамақтану кезінде сөйлемейміз.<br>*(сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)*<br>Ас ішіп болғаннан соң бата айтуға қалыптастыру | | | | |

| | |
|---|---|
| | ***Бата беру***<br>Сұрасаң бата берейін<br>Үстем болсын мерейің<br>Ықыласпен қол жайсаң<br>Көп тілекті төгейін<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғың жоқ болсын<br>Сұрағаның алдыңнан<br>Іздемейақ көп болсын<br>Әумин<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы** | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>**Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау.картатека №2 «Гул» ертегісін оқып беру (Көркем әдебиет коммуникативтік дағдылар)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды.***(мәдени-гигиеналық дағдылар).*** |
| **Бесін ас** | **Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу**<br>Мен жақсы тамақтандым,<br>Сергекпін, күштімін.<br>Көңіл күйім көтеріңкі,<br>Өзімдіжақсы сезінемін***(сөйлеуді дамыту).*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообақ қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек | **Ритмикалық жаттығу**<br>Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (адымдайды)<br>Адыммен біркелкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді)<br>Біз жауынгер баламыз. (қолдарын басының тұсына қояды)<br>Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (адымдайды)<br>Тізіліп біркелкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын басының тұсына қояды)<br>Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын басының тұсына қойып, адымдайды)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог алдымен | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік арқылы анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Туған күнді атауға қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды үлгілері, журналдан қиылған суреттер; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері.<br>Шарты. Педагог балалармен бірлесіп әрбір отбасында туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері.<br>Шарты.<br>Педагог ойыннан бұрын балалармен бірлесіп, зообақ жайында суреттерді қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді. Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды қолданатынын туралы талқылап алу керек. Балалар зообақта жұмыс істейтін мамандарды өздері | | | балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер | қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін анықтайды; туған күнін атау дәстүрі қайдан келгенін талқылайды.<br>Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегін жасау керектігін жоспарлайды.<br>Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды.<br>Туған күн иесін балалар санамақ арқылы тағайындауы мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күн иесі болып үлгеру тиіс.<br>Алғашында педагог ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып белгілі орындарға қондырып, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді. Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, | | | тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-** | жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады: қонақтардың адал ниетті дос болуы, тағамдардың дәмді болуы, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалғаны. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі туралы айту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | | | **әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қағаздан бүктеу" жұмысы.** Тақырыбы: "Кеме". Мақсат-міндеттер. Қағаздан әртүрлі көліктерді бүктеп жасауды үйрету. **(жапсыру)** | **Бала тілін дамыту. "Жазда" (Рамазан Тышқанбаев)** Шулы өзенге барайық, Орын таңдап алайық. Ақ сазанға ау құрып, Болат қармақ салайық.<br><br>Жүр, балалар, тұрмалық, Гүл терелік, қыр барып. Өкінбейік, даланың Қызығынан құр қалып. **(қарым-қатынас іс-** | | **Бала тілін дамыту. "Жаз" (Ілияс Жансүгіров)** Жерің анау, Жасыл жолақ кілемдей. Желің мынау, Жігіт айтқан өлеңдей. Көлің анау, Той ғып жатқан ауылдай. Күнің мынау, Елжіреген енеңдей. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және оларға толық жауап беру дағдысын бекіту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **әрекеті)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.** | | | | |
| **Серуен** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау)<br>**Ұлттық ойын: «Тенге алу»** патриотизмге тәрбиелеу<br>Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау)<br>**Қимылды ойын: «Тасбақа»**жылдамдыққа, нысанаға дәлдеп тигізе білуге үйрету.<br>Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар | | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау )<br>.<br>**Қимылды ойын: «Торғайлар»**Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту,Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау )<br>**Ұлттық ойын: «Айгөлек»** |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті** | | | | |
| **Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы** | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.<br>Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.<br>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.<br>Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ата-аналармен әңгіме: «Үйде балалардың тақпақтарын жаттауға тапсыру»** | **Ата-аналармен кеңес:**<br><br>**«Алдағы келе жатқан мерекелер туралы хабарлар ету»** | | **Ата- аналармен психолог кеңесі мен бөлісу: «Баланың суреттеріне қарап бағалауды үйреніңіз»** | Ата аналарға демалыс күндері балалармен бірге серуендеуге ұсыныс жасау. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** «MDU Baqytty bala» балабақшасы
**Топ**: «Сәйгүлік» мектепалды топ
**Балалардың жасы**: 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 06.05-10.05.2024жыл

| Күн тәртібінің | Уақыты | Дүйсенбі 06.05.2024 | Сейсенбі 07.05.2024 | Сәрсенбі 08.05.2024 | Бейсенбі 09.05.2024 | Жұма 10.05.2024 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | 7.30 - 8.20 | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | | Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес бер | | | | |
| | | **Ата-аналарға** көктемгі қолөнер жасап әкелуді тапсыру. | . Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | | | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың балабақшадағы мінез-құлқы және болу ережелері туралы еске салу |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-** | | **Фотосуреттер қарастыру «Ұлы Отан Соғысының ардагерлері».** Фотосуретте бейнеленген Ұлы Отан Соғысының ардагерлері туралы әңгімелеу. | **"Ағаш, бұта, гүл" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау | | | **"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту, сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог балабақшадағы балалардың өмірін бейнелейтін суреттерді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер)** | | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші "Ағаш, бұта, гүл ..." сөздерін айтады және балаларды айналып өтеді. Тоқтатып, бір баланы көрсетіп, үшке дейін санайды, бала жүргізушінің тоқтаған жерін тез атауы керек. Бала айтып үлгермесе немесе қате жауап айтса ойыннан шығады. Ойын барлық ойыншылар ойыннан шыққанға дейін жалғасады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | | салады: таңертеңгілік жаттығулар, таңғы ас, ұйымдастырылған іс-әрекет және т.б.. Балалар кез келген суретті өздері таңдайды, тексереді. "Таң" деген сөзге барлық балалар таңмен байланысты суретті көтеріп, өз таңдауын түсіндіреді. Содан кейін тәуліктің басқа бөліктері бейнеленген суреттерді көрсетеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | | **ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1-допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2-допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1-оң аяққа иілу; 2-3-допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2-өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 -бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2-аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2-қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | |
| **Таңғы ас** | 8.20-8.55 | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды | | | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. **Кезекшілер жұмысы:** ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | орнына ілу. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. **Кезекшілер жұмысы:** ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | | | Тағамға қол созамыз. **Кезекшілер жұмысы:** ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке** | 8.55-9.10 | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | | Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | | Табиғаттың әдемі көрінісі жайлы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысың, асыл күн,<br>Армысың, асыл жыр.<br>Армысың, көк аспан,<br>Армысың, достарым,<br>Жылуыңа жылу қос,<br>Міне менің қолым! | | | Табиғаттың әдемі көрінісі жайлы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | 9.10 -9.50 | | Музыка<br>**Тақырыбы: «До – ре – ми»**<br>**Мақсаты:** Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті | | | **«М»дыбысымен танысамыз**<br>**Мақсаты:**Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>*(Сауат ашу негіздері коммунакативтік қызмет)*<br>**«Поездьбен саяхат жасаймыз»**<br>**Мақсаты:**Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>*(математика негіздері танымдық қызмет)*<br>**«Көкек»** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.<br>**2. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>**Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.<br>**«Бәздәі салт дәстүрлеріміз»**<br>**Мақсаты:**<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың | | | **Мақсаты:** Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.<br>**(***Сурет салу,мүсіндеу,жапсыру шығармашылық қызмет)* |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. *көркем әдебиет коммуникативтік қызмет)* **«Өсімдіктер әлемі»** **Мақсаты**: Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.<br><br>Дене шынықтыру (Спорт нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>*(Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік қызмет)*<br><br>**«Көктемгі тамшылар» Мақсаты:** Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. *(Сурет салу,мүсіндеу,жапсыру шығармашылық қызмет)* **«Армысың, әз Наурыз!» Мақсаты.**Ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. *(қазақ тілі коммуникативтік қызмет)* | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | 9.50-10.10 | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)<br>- Сауат ашу негіздері<br>- Сөйлеуді дамыту<br>- Көркем әдебиет<br>- Дене шынықтыру<br>- Қоршаған ортамен танысу | | | | |
| **Серуен** | 10.10.-12.00. | . **Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға | **Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, | | . | **Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Желді ауа райында ағаштардың басына қарау, байқауды, зейінді дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы бұтақтардан және тастардан тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбекқорлық қабілетін және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Физикалық | жәндіктердің оянғанына назар аудару. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы қоқыстан тазалауға көмектесу). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Ұйымдасып еңбек ету дағдыларын қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Алға | | | ұжымдық жұмысқа белсенді қатысуын дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аюлар мен аралар", "Жапалақ". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды тепе-теңдікті сақтауға баулу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту**, алға қарай екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | белсенділікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жылан". (**дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту. | қарай екі аяғымен секіру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне соқтығыспай жүгіру; мәтінге сәйкес ойын әрекеттерін орындау. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жоғарыдан төмен қарай секіруге жаттықтыру | | | |
| **Серуеннен оралу** | 12.00-12.20 | **Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Түскі ас** | 12.20-13.00 | **Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу»<br>**Кезекшілердің жұмысы**: ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. *(сөйлеуді дамыту)*<br>Ас ішіп болғаннан соң бата айтуға қалыптастыру<br>Асқа байлық<br>Денге саулық болсын Әумин!Рақмет апайлар! *(мәдени дағдылар)* |
| **Күндізгі ұйқы** | 13.00-15.10 | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>**Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту).**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. «Жалқау қоян» ертегісін оқып беру (көркем әрекет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | 15.10-15.25 | **Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды.***(мәдени-гигиеналық дағдылар).*** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | 15.25-16.00 | **Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу**<br>Мен жақсы тамақтандым,<br>Сергекпін, күштімін.<br>Көңіл күйім көтеріңкі,<br>Өзімдіжақсы сезінемін***(сөйлеуді дамыту).*** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | | **Сауат ашу негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Дауысты мен дауыссыз дыбыстар әлемі"<br>Мақсат-міндеттер: артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінікті қайталау.<br><br>**Қазақ тілінен ойын-жаттығу**<br>"Дыбыстар мен әріптер еліне саяхат".<br>Мақсат-міндеттер: дауысты және дауыссыз дыбыстардың | **Сауат ашу негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: дыбыс пен дыбыс түрлерін, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталау.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Астра гүлінің орнын ауыстыру"<br>Мақсат-міндеттер: | | | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Жануарлар жұмбақтарды жасыруды бастайды"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын арттыру; шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыра білу, тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білу дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Көңілді көктем әндері"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ерекшіліктерін еске түсіру, әріптер туралы түсініктерін кеңейту; сөзді буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Құрсауды тура бағытта домалату"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі | балалардың астра гүлін егіп, өндеп, өсіру амалдарымен таныстыру; гүлдің орнын ауыстырып, гүлзарға өз қолдарымен отырғызу әрекеттеріне үйрету. | | | түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білу іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"А.Бақтыгереевaның «Гүл ектік» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу"<br>Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қарай жетілдіру. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | 16.40-17.00 | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Қарапайым түймедақ" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздан түймедақ гүлін мүсіндеу кезінде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту; жіңішке таяқшаға ермексазды жағып, гүлдің сабағы деп қабылдауға үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".** Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты. Балалар бір | | | **Сурет салудан ойын-жаттығулар.** "Жұпаргүл бұтағы" Мақсат-міндеттер: балаларды бөртегүл бұтағына қарап, суретін, мақта таяқшасын, борларды, бояуды қолданып, қағаз бетіне салу техникасына үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады). Ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін, басында жүргізуші рөлін педагог өзі алуы мүмкін. Жүргізуші допты әр балаға кезекпен "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып, допты қолдарына лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай, бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | балық, суасты жануарының атауын айту, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жерде мекендейтін жануардың немесе жәндіктің атауын айту. **((қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті))** | | | |
| **Серуенге дайындық** | 17.00-17.10 | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.** | | | | |
| **Серуен** | 17.10-17.40 | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті) **Ұлттық ойын: «Асық ату»** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, | | | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті) **Қимылды ойын: «Бояулар»** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Асықтардың түсуін бақылау.<br><br>Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар | бақылау зерттеу іс-әрекеті)<br>**Ұлттық ойын: «Асық ату»**<br>Асықтардың түсуін бақылау.<br><br>Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар | | | Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету.<br>Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | 17.40-17.50 | **Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті** | | | | |
| **Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы** | 17.50-18.00 | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.<br>Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.<br>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.<br>Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу. | | | | |
| | | **Ата- аналармен медбике кеңесімен бөлісу**<br>«ЖРВИдің алдын алу». | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата аналарға таңертенгілік қабылдауға кешікпеулерін ескерту. | | | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы әңгіме жүргізу. |

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Мектепке дейінгі ұйым:** «MDU Baqytty bala» балабақшасы
**Топ**: «Балдырған» мектепалды топ
**Балалардың жасы**: 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі**:13.05-17.05.2024жыл

| Күн тәртібінің | Дүйсенбі 13.05.2024. | Сейсенбі 14.05.2024. | Сәрсенбі 15.05.2024. | Бейсенбі 16.05.2024. | Жұма 17.05.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес бер | | | | |
| | Ата- аналардан балалардың демалысты қалай өткізгенің сұрау. | Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру. | Ата аналардан бөбекжайдағы іс шараларға белсенді қатысуды ұсыну | Ата- аналарға таңертенгілік қабылдауға кешікпей келулеріне ескерту. | Ата- аналарға алдағы болатын ертеңгілік туралы хабарлау. |
